

**ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ ДІНИ БАСҚАРМАСЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ИСЛАМИ ДІНИ БІРЛЕСТІГІ**

**ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ ДІНИ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
2020 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ ДІНИ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУ
ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ**

АСТАНА – 2015

МАЗМҰНЫ

I. КІРІСПЕ.....	3
2. ҚАЗІРГІ ДІНИ ЖАҒДАЙ	3
3. ТҰЖЫРЫМДАМАНЫ ҚАБЫЛДАУ ҚАЖЕТТІЛІГІ	6
4. ТҰЖЫРЫМДАМАНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ	7
5.1. МЕШІТТЕР ЖАНЫНДАҒЫ ДІНИ САУАТ АШУ КУРСТАРЫ	9
5.1.1. Діни сауат ашудың I сатысы.....	10
5.1.2. Діни сауат ашудың II сатысы.....	11
5.1.3. Діни сауат ашудың III сатысы	11
5.1.4. Құран жаттау курсы	12
5.1.5. Діни оқу орындарына дайындық курсы	12
5.2. ДІНИ ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ЖҮРГІЗЕТІН ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ МЕКЕМЕЛЕРІ	15
5.3. ҚҰРАН ҚАРИЛАРЫН ДАЙЫНДАУ ОРТАЛЫҒЫ	17
5.4. МЕДРЕСЕЛЕР	20
5.5. ЖОҒАРЫ ДІНИ БІЛІМ БЕРУ	26
5.6. ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ	32
5.7. ИМАМДАРДЫҢ БІЛІМІ МЕН БІЛІКТІЛІГІН ЖЕТІЛДІРУ ИНСТИТУТЫ.....	33
6. ТҰЖЫРЫМДАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУДАН КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР ...	35
7. ТҰЖЫРЫМДАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУ КЕЗЕҢДЕРІ	36

I. КІРІСПЕ

Діни білім беруді дамыту тұжырымдамасы (бұдан әрі – Тұжырымдама) Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының (бұдан әрі – ҚМДБ) діни білім беру жүйесін қалыптастыру мен дамытудың мақсаттары мен міндеттерін, құрылымы мен мазмұнын және негізгі стратегиялық бағыттарын айқындайтын әдістемелік-тұжырымдамалық құжат болып табылады.

Тұжырымдама Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» және «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңдарына, сондай-ақ ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясына сәйкес әзірленіп, Қазақстан Республикасы азаматтарымен қатар, оқу үдерісіне қатысушылардың барлығының білім беру саласындағы заңды мүдделері мен құқықтарын сақтауды қамтамасыз етуге бағдарланған.

Тұжырымдама ислами діни білім беруді қазақ ұлтының рухани және мәдени құндылығы ретінде таниды, ҚМДБ-ның ұзақ мерзімге арналған діни білім беру саясатын дамытудың негізін қалайды әрі діни білім берудің мазмұнына, діни білім беру жүйесінің құрылымына, діни білім беруді басқару жүйесіне, кадрлық саясатқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін негіз болып табылады.

Қажет жағдайда осы Тұжырымдамаға сәйкес оны іске асыру жөніндегі бағдарлама әзірленетін болады.

Тұжырымдаманың құрылымы төмендегілерді қамтиды:

- Қазіргі діни жағдай;
- Тұжырымдаманы қабылдау қажеттілігі;
- Тұжырымдаманың мақсаты мен міндеттері;
- Діни білім берудің құрылымы, деңгейлері мен мазмұны;
- Тұжырымдаманы іске асырудан күтілетін нәтижелер;
- Тұжырымдаманы іске асырудың кезеңдері.

2. ҚАЗІРГІ ДІНИ ЖАҒДАЙ

Тәуелсіз Қазақстанның заңнамалық құжаттарында азаматтардың діни сенім бостандығы құқығын сақтау мәселелеріне ерекше назар аударылады. Ар-ождан және діни бостандығын қамтамасыз ету көпконфессиялы еліміз үшін қашанда өзекті тақырып болып табылады.

Кеңес үкіметі үстемдік құрған кезеңде дінге, діни ғұрыптарды атқаруға, діни тәрбие мен діни білім алуға барынша кедергі жасалды. Діни мазмұндағы қоғамдық құндылықтардың мән-мазмұны мақсатты түрде төмендетілді. Мемлекеттік тұрғыда діни сенімді жоққа шығаратын атеистік идеологияға қолдау көрсетілді. Сұрапыл тарихи оқиғалар желісінде Қазақстандағы ислам тамырынан ажырап, өзінің дәстүрлі арнасынан қол үзіп қалды.

Тәуелсіздік алғаннан кейін 1992 жылдың 15 қаңтарында Қазақстан Республикасының «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы»

заңы қабылданғаннан соң діни жағдай түзеле бастады. Дінге өркениетті көзқарас қалыптасып, дін еркіндігі демократиялық қағидалардың бір бөлігіне айналды. Ал 2011 жылы 11 қазанда қабылданған Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңы діни қатынастарды реттеу және діни сенім бостандығын қамтамасыз ету бағытындағы шараларды жаңа заңнамалық деңгейге көтерді.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы өзін құқықтық, демократиялық және зайырлы мемлекет ретінде орнықтыра отырып, адамның және азаматтардың діни сенім бостандығы құқығының сақталуына ұдайы көңіл бөледі. Қазақстандағы мемлекет пен діннің арақатынасы, азаматтардың дінге қатыстылығы ҚР Конституциясы, Азаматтық кодексі, «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңы және тағы басқа бірқатар заңнамалық, нормативтік-құқықтық актілер арқылы реттеледі.

Қазақ жері тарихи жағдайларға байланысты ислам, христиан, буддизм, конфуциандық сияқты ұлы өркениеттерге негіз болған әлемдік және дәстүрлі діндердің өкілдерінен және 130-дан астам ұлт пен ұлыстардан құралған өзара сыйластықпен өмір сүретін қоғамның қасиетті мекеніне айналды. Біздің шексіз кең байтақ даламыз өзіне алуан түрлі өркениет пен мәдениетті сіңірді. Қазіргі Қазақстан – көпэтностық және көпконфессиялы мемлекет. Сондықтан Қазақстан мемлекетінің демократиялық сипаты әр түрлі әлеуметтік топтардың дүниетанымдық және мәдени ерекшеліктерін ескеруді қарастырады. Қазақстанда түрлі ұлттар мен конфессиялардың бейбіт қатар өмір сүруі үшін қажетті құқықтық және ұйымдық жағдайлар жасалған әрі конфессияаралық қатынастарды үндестіруге бағытталған бірыңғай мемлекеттік саясат қалыптасқан.

Қазақстан Республикасы діндер мен өркениеттер үнқатысуын ұйымдастыру саласындағы бірқатар маңызды халықаралық бастамалардың авторы болып та табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен Қазақстанда әр үш жыл сайын «Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі» өткізіледі. Бұл Съезд әлемдік және дәстүрлі діни сенімдер мен өркениеттер үнқатысуының байланыстырушы алаңына айналып, толеранттылық пен діни төзімділікке, өзара ынтымақ пен келісімге негізделген қатынастарды нығайта түсу және радикалды экстремистік ұйымдардың ықпалынан қоғамды қорғау бағытында игі шаралар атқаруда.

Қазақстандағы өзара татулық пен келісім моделінің тиімділігіне қатысты ЕҚЫҰ, БҰҰ және басқа да халықаралық ұйымдардың бірқатар оң бағалары берілген.

Қазақстан Республикасының Конституциясы елдің әрбір азаматына ар-ождан бостандығы құқығына кепілдік береді. ҚР Конституциясының 22-бабының 2 тармағына сәйкес ар-ождан бостандығы құқығын жүзеге асыру жалпы адамдық және азаматтық құқықтар мен мемлекет алдындағы міндеттерге байланысты болмауға немесе оларды шектемеуге тиіс.

Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 18-бабына сәйкес «Дінге сену немесе наным-сенімдерін тұту еркіндігі тек қана

қоғам қауіпсіздігін, тәртіпті, денсаулық пен имандылықты, сондай-ақ басқалардың негізгі құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін, заңмен белгіленген шектеулермен ғана шектелуі тиіс».

Қазақстан мемлекеті зайырлылығының конституциялық қағидаты мемлекетті діни бірлестіктерден бөліп қарастырады. Мемлекеттік басқару және жергілікті өзін-өзі басқару органдары қызметтері мен діни бірлестіктер қызметінің алмастырылуына жол берілмейді. Дегенмен, азаматтардың білім беру саласындағы қажеттіліктерін қанағаттандыру мәселелерінде мемлекеттік басқару органдары мен діни бірлестіктердің өзара әрекеттесуі мемлекеттің зайырлылық қағидаттарына қайшы келмейді. Мұндай өзара әрекеттесу, бірлесу көптеген заманауи демократиялық зайырлы мемлекеттердің тәжірибесінде бар әрі кең таралған.

Мемлекет пен діни бірлестіктердің өзара әрекеттесуін ел аумағында жүзеге асыру үшін ең алдымен осы тақырыптар бойынша сараптамалық-талдау жұмыстарды жүргізу, арнайы оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеу, рухани мәдениет және исламтану курстарынан сабақ беретін ұстаздарды қайта даярлау мәселелерін толыққанды қарастыру керек. Өйткені білім беру саласындағы мемлекет пен діни бірлестіктердің өзара әрекеттесуі оқушыларды ұлттық мәдениетке баулу, ұлттық-діни тәрбие беру, қоғамды әлеуметтендіру, әлеуметтік келеңсіздіктердің алдын алу және т.б. мәселелерді басымдыққа алады.

Осындай пәндер мен курстарды оқыту діни дүниетанымдық негізде Республикалық ислами діни бірлестік «Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының» (ҚМДБ) қатысуы арқасында негізі қаланып, жүзеге асырылады. Бұл ел тұрғындарының дінді дұрыс қабылдап, жүйелі түрде меңгеруінен, оларды рухани-танымдық құндылықтарға, мінез-құлық нормаларына баулудан, рухани-танымдық тәрбие беруден, рухани жан-жақты жетіліп, тұлғасын қалыптастырудан, оларды діни дүниетанымдық, мәдени, рухани өзіндік айқындалуынан көрініс табады.

Қазақ халқында діни тәрбие мен діни білім беру жүйесі ғасырлар бойы тарихи ахуалдарға орай, оңтайлы үлгілерде жалғасып келген. Рухани ілімге деген халық сұранысы қазақ жерінде діни білім беру жүйесінің жартылай отырықшы, жартылай көшпелі тұрмыс-салтына тән өзіндік үлгілері қалыптасқан. Ірі қалаларда жалғасын тапқан медреселер қызметімен қатар ауқатты адамдардың балаларын оқытатын «аталық» институты және көшпелі жұрт арасында молда ұстап, бала оқыту дәстүрі де кең тарағанын атап айтуға болады. Жаз жайлауда, қыс қыстауда жағдайлы отбасылар көмегімен ел ішіндегі діни білімді рухани тұлғалар бала оқыту арқылы халықтың діни сауатын көтеріп, қазақ балаларының хат танып, сауат ашуына ықпалын тигізіп отырған.

«Түркістан» халықаралық энциклопедиясында (Алматы, 2010) жазылуынша: «Медреселер өзінің білім беру тәжірибесіне қарай төрт сатыға бөлінді:

1. Ибтидаия (бастауыш медресе), оқу мерзімі – 4 жыл;
2. Рушдия, оқу мерзімі – 3 жыл;

3. Иғдадия (жоғары оқуға дайындық), оқу мерзімі – 3 жыл;

4. Ғалия (жоғары білім), оқу мерзімі – 3 жыл.

Ғалияны бітірген шәкірттерге «абыз», «молда», «халфе», «мударрис», «ахун» деген атақ берілген. Медреселерде жалпы оқу мерзімі 12-13 жылға созылған.

Оқу пәндері медреселердің сатысына байланысты белгіленді. Жоғары білім беретін медреселерде араб тілі (лексика, этимология, синтаксис, риторика, тарих, Құранды оқу-игеру әдісі); дін үйрену, заңнама (Құранды, оның аяттарын, хадистерді талдау, фикһ, заң негіздері); фәлсафа (логика, математика, география, астрономия, медицина, табиғаттану, ой талдау фәлсафасы) оқытылды. Медреселердің бағдарламасында діни оқу жағы басым болды», - деп ортағасырлық медреселердің оқу жүйесі жайында мәліметтер келтіріледі.

Тарихи деректерден аңғарылатындай, Қазақстандағы исламның мың жылдан аса тарихы мен тәжірибесі бар. Қазақ халқының ұлттық құндылықтары мен салт-санасының, жалпы мәдениетінің қалыптасуында ислам дінінің алар орны ерекше. Орта Азия мен тәуелсіз Қазақстан топырағынан есімдері әлемге әйгілі, әл-Фараби, Ж.Баласағұн, М.Қашғари, А.Иүгінеки, А.Йассауи сияқты мұсылман түркі жұртшылығының мақтанышына айналған талай тұлғалар шыққан. Қазақ би-шешендері мен ақын-жырауларының шығармалары мұсылмандық дүниетаныммен ұштасып, біте қайнасып жатыр.

Қазақ халқының рухани мұралары діни білім кеңістігін қамтамасыз еткен негізгі факторлар болып саналады. Халықтың діни көзқарастары, ұлттың рухани құндылықтары ауыз әдебиеті шығармаларында көрініс тапқан. Діни тақырыпқа арналған қисса-дастандардан ислам дінінің негізгі қағидалары, танымал тұлғалары, шарифат заңдары жайлы мол мәлімет алуға болады. Есепсіз көп мұндай туындылар көпшілікке арналған діни оқулықтың рөлін қоса атқарып, қазақ халқының мұсылмандық мәдениетін қалыптастыруда, діни сауатын көтеруде теңдессіз құралына айналған. Сондықтан аталмыш рухани құндылықтарды қазіргі діни ахуал жағдайы мен халық сұранысына сәйкес діни білім беру бағдарламалары аясында жаңғыртудың маңызы жоғары.

3. ТҰЖЫРЫМДАМАНЫ ҚАБЫЛДАУ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: *«Біз елдің дәстүрлері мен мәдени нормаларына сәйкес келетін діни сана қалыптастыруымыз керек»*, - деп Қазақстан халқының алдағы діни-рухани бағытын айқындап берген болатын.

Келтірілген дәйексөзді еліміздегі діни білім берудің негізгі ұстанымы ретінде қарастырудың мәні зор. Қазіргі Қазақстандағы діни ахуал жағдайында ислам дініне қатысты мәселелердің өте өзекті екендігі

байқалуда. Бүгінгі таңда дін ұстанып, оның шариғи үкімдерін орындаушылардың басым бөлігі жастар екенін ескерсек, жастардың діни сауатына мән беру, олардың діни тәрбие мен діни білім алу қажеттілігін қанағаттандыру мәселесі стратегиялық тұрғыдан аса маңызды сала. Себебі мемлекеттің қауіпсіздігіне қатер төндіретін діни негіздегі әртүрлі құқық бұзушылықтардың, дін атын жамылған түрлі теріс пиғылды ағымдар іс-әрекетінің белең алуы, олардың тұрғын халықты, әсіресе жастарды өз идеологиясына белсенді түрде тартуы, жастар арасында рухани дерттердің көбеюі діни сауаттылықтың ауадай қажет екенін айғақтайды.

Бүкіл адамзат тарихы дәлелдеп отырғандай, дінді дұрыс пайдалану қоғамдағы сан алуан қылмыстардың алдын алудың, сонымен қоса әр түрлі теріс пиғылды, экстремистік және террористік идеологиялардың ықпалынан сақтанудың ең тиімді тәсілі болып қала бермек. Сондықтан қазіргі заман талабы дүниетанымдық әралуандық пен көпконфессиялылыққа тән Қазақстан қоғамындағы рухани-танымдық білім беру мәселелерін шешудің әлеуметтік-мәдени, ғылыми-педагогикалық және ұйымдастырушылық бастамаларын айқындайтын, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы дәстүрлі ислам дінінің тарихи және мәдени негіздерін оқытуды көздейтін, заман талабына үйлесімді аталмыш Тұжырымдаманы қабылдау қажеттілігін негіздеп отыр.

Тұжырымдамада ұсынылған шешімдер Қазақстан Республикасындағы діни білімді ел халқының дәстүрлері мен мәдени нормаларына сәйкес қалыптастыруға, оқушылардың рухани мәдениетін, соның ішінде ислам мәдениетін, ұлттық құндылықтар жүйесін және діни білім негіздерін жүйелі түрде меңгеруіне мүмкіндік береді.

4. ТҰЖЫРЫМДАМАНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Мақсаты:

- 1) Қазақстан Республикасы тұрғындарының, жеке тұлға мен қоғамның рухани қажеттіліктерін қанағаттандыратын көп деңгейлі, алуан пішінді үздіксіз діни білім берудің моделі мен тұтас ислами оқу кешенін қалыптастыру;
- 2) ел аумағындағы мешіттерде діни оқу-ағартушылық жұмыстарының сапалы, тұрақты және тиімді қызмет көрсетуіне мүмкіндік туғызу;
- 3) ҚМДБ-ның қазақстандық қоғамдағы исламның рухани-имандылық және гуманитарлық ықпалын кеңейту жөніндегі жұмыстарының тиімділігін арттыру үшін діни білім беруді дамытудағы стратегиялық басымдықтарды белгілеу.

Діни оқу жұмыстарының міндеттері:

- 1) Ел халқының ислам негіздерін игеруіне жағдай тудыру, діни білім алудың қолжетімдігін және оның сапасын арттыруды қамтамасыз ету;
- 2) діни білім беру ұйымдары қызметінде демократиялық ұстанымды ұстану;

- 3) қазақстандағы діни білім жүйесі мен зайырлы білімді ықпалдастыру арқылы зайырлы білім жүйесі секілді діни білімнің қоғамда тұрақтылықты қалыптастыратын іргетасқа айналуын қамтамасыз ету;
- 4) діни білім берудің ұлттық тұтас жүйесін құру;
- 5) діни білім беруді басқарудың және қазақстандық діни білім беру моделінің одан әрі жұмыс істеуінің нормативтік, құқықтық базасын жетілдіру;
- 6) діни білім берудің мазмұны мен материалдық-техникалық базасын жаңарту;
- 7) Қазақстанда білікті исламтанушыларды әзірлеу үшін әлемдік тәжірибенің озық әдістерін қолдану;
- 8) еліміздегі исламтану мамандарын дайындайтын оқу орындарының оқу үдерісін бірізділендіру;
- 9) діни оқу саласында әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балаларының білім алуына қолдау көрсету;
- 10) Қазақстан жастарының шетелдік діни оқу орындарында білім алу үдерісін қадағалау, осы үдерісті біртіндеп шектей отырып, ел аумағынан тыс жерлердегі діни оқу орындарына азаматтарды тек жоғары діни білім алу мен ғылыми дәрежесін көтеру мақсатында ғана жіберу;
- 11) Қазақстан мұсылмандарының діни ұстанымдарымен сабақтасатын шет елдердің белгілі деген оқу орындарында мамандардың біліктілігін көтеріп, тәжірибе алмасуы үшін жол ашу;
- 12) Қоғамды ізгілендіруге, иманды, салауатты жаңа буынды тәрбиелеуге көмектесу;
- 13) Ұлт зиялыларының ой-толғамдарын, рухани-танымдық тұрғыларын таныта, түсіндіре отырып, ұлттық рухани құндылықтарды, рухани мәдениетті, соның ішінде қазақ мұсылмандық мәдениетін насихаттау;
- 14) Деструктивті діни ағымдардың идеологиясы мен тәжірибесіне қарсы әсер ету иммунитетін қалыптастыру.

5. ДІНИ БІЛІМ БЕРУДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ, ДЕҢГЕЙЛЕРІ МЕН МАЗМҰНЫ

2011 жылдың 11 қазанында қабылданған ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңына сәйкес «Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы» республикалық діни бірлестік ретінде діни білім беру ұйымдарын құра алады. Заң бойынша мұндай ұйымдар діни қызметшілерді даярлаудың кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын мекемелер нысанында құрылуы көзделді. Осы нормаға сәйкес 2012 жылы жүргізілген діни бірлестіктерді қайта тіркеу үдерістері негізінде бұған дейін діни бірлестік ретінде қызмет атқарып келген исламдық оқу орындары таратылып,

«Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы» республикалық ислами діни бірлестік құрамындағы оқу мекемелері ретінде қайта құрылды.

Қазіргі таңда ҚМДБ-ның ислами діни білім беру жүйесі төмендегі сатылардан тұрады:

1. Діни сауат ашу мен Құран сүрелерін жаттау курстары.
2. Діни оқу орындарына талапкерлер әзірлейтін дайындық курстары.
3. Діни оқу-тәрбие процесін жүргізетін Қайырымдылық мекемелері.
4. Құран кәрім сүрелерін кәсіби тұрғыда жатқа оқуды үйрететін қарилар дайындау орталықтары.
5. Техникалық және кәсіптік білім беретін медресе-колледждер.
6. Жоғары оқу орны және жоғары оқу орнынан кейінгі діни білім беретін оқу орындары.
7. Имамдардың білімі мен біліктілігін жетілдіру институты.

5.1. МЕШІТТЕР ЖАНЫНДАҒЫ ДІНИ САУАТ АШУ КУРСТАРЫ

Мешіт жанынан ұйымдастырылатын сауат ашу курстары діни білім жүйесінің базалық буыны деңгейінде жұмыс жасайды. Діни сауат ашу курсы үміткердің жасы мен өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, оның діни тәлім-тәрбие алуын және имандылыққа бейімделуін, мұсылмандық тұлғасының қалыптасуына толыққанды үлесін қосады.

Сауат ашу курстарындағы үміткерлердің оқуға деген құқығы мен талабын облыс өкілі, қалалық, аудандық Бас имамдар қамтамасыз етеді. Діни сауат ашу курстары Қазақстан аумағындағы барлық мешіт жандарынан ұйымдастырылып, көпшілік арасындағы ислами ағартушылық жұмыстарын жүйелі түрде және кең көлемде жетілдіруге мүмкіндік беретін басты тетік болып табылады. Ислами білім берудің бастапқы деңгейін діни сауат ашу курстары атқарады.

Мешіт жанындағы діни сауат ашу курсының мақсаты:

- 1) Бастауыш діни білім беру;
- 2) оқу-әдістемелік, діни-ағартушылық бағдарламаларын қамту арқылы түрлі әлеуметтік топтар өкілдері болып табылатын үміткерлердің діни білім алуына мүмкіндіктер туғызу;
- 3) ислам дінінің негіздерін және мұсылманның басты міндеттерін үйрету;
- 4) діни білімді ғылыми тұрғыдан талдап-түсіндіріп, діни білімге деген ынта-жігерін арттыру;
- 5) қазақи салт-дәстүрмен біте-қайнасып, ұлттық санаға сіңіскен этикалық құндылықтарға негізделген ислами ұстанымдардың ерекшеліктерін көрсетіп, жан-жақты түсіндіру;
- 6) діни білім беру арқылы ел тұрғындарының ислам діні жайлы танымын кеңейту, сол арқылы радикалды идеологияның алдын алуға септесу.

Мешіт жанындағы діни сауат ашу курсының міндеттері:

- 1) Мешіттерге діни ағарту жұмыстарымен айналысатын жоғары немесе орта діни білімі бар лайықты кадрларды шоғырландыру;

- 2) үміткерлердің жасына және даралығына сай тәсілдерді ескере отырып оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру кезінде арнайы орта жасау;
- 3) тыңдаушыларды отансүйгіштікке, адамның құқықтары мен бостандықтарына құрметпен қарауға, толеранттылыққа тәрбиелеу;
- 4) білім алушы тұлғаларды адастырушы ағымдардан сақтандыруға және діни сауатсыздықты жоюға септігін тигізу;
- 5) демалыс мезгілдерінде мектеп жасындағы балалар үшін Құран оқуды үйрену курстарын ұйымдастырып, тәлім-тәрбиемен қамту;
- 6) діни сауатын ашу үшін мүмкіндіктері шектеулі зағип жандардың білім алуына жағдай туғызу.

Мешіт жанындағы діни сауат ашу курсының стратегиялық мақсаттары:

- Мешіттерді тек ғибадат-құлшылық орны ғана емес, діни ағарту орталықтарына айналдыру;
- ҚМДБ имамдарының шәкірт оқытуға қабілетті діни ағартушы ұстаз болуын қамтамасыз ету.

Нәтижесі: Діни сауат ашу курсының тыңдаушысы болғанын куәландыратын *сертификат* беріледі.

Ескеру: Діни сауат ашу сабақтарын күндізгі немесе кешкі уақыттарда және демалыс күндері ұйымдастыруға болады. Жас мөлшері шектелмеген. Талапкерлердің жастары жас кезеңдеріне сай 6-11 – жас балалар тобы, 12-17 – жеткіншектер тобы, 18-24 – жастар тобы, 25 жастан жоғары ересектер тобы болып есептеледі.

Мешіт жанындағы «Діни сауат ашу» курстары талапкерге діни сауаттылықты арттыруда, шынайы мұсылман ретінде қалыптасуда және дін атын жамылған теріс пиғылды ағымдар ықпалынан сақтануда діни білім жүйесінің бастапқы сатысы ретінде қызмет етеді.

Курс үш сатыға бөлінеді. Оқу әр сатыда 3 ай, яғни 12 апта жалғасады. Сабақтар күндізгі немесе кешкі уақыттарда өткізіледі.

5.1.1. Діни сауат ашудың I сатысы

Оқу мерзімі – 3 ай (12 апта теориялық оқу, емтихан-сынақтар үшін қосымша күндер қажет). Сабақ аптасына 2 рет жүргізіледі.

Оқылатын пәндер: Құран әліппесі – 24 сағат, Иман шарттары – 8 сағат, Мұсылмандық шарты 24 – сағат, Сира – 8 сағат, Мұсылманның тұлғалық бейнесі – 8 сағат. Барлығы – 72 сағат.

Діни білім берудің I сатысының міндеті – тыңдаушының бастапқы дінге бейімделуін қалыптастыруды қамтамасыз ету, оның жеке тұлғасын дамыту. Осы сатыдағы оқу мен тәрбие тыңдаушыға оң ықпал ету арқылы жақсы әсер қалдыруға және арабша хат тану, Құран әріптерін оқу, жазу дағдыларын үйренуге, курстың соңында қасиетті Құран сүрелерін оқуға түсуге, өзін-өзі рухани тұрғыдан тани білуге, мінез-құлықтың мәдениетіне, жеке гигиенаның және салауатты өмір салтының негіздеріне бағдарланады, діни білім алуға база жасайды.

Ескеру: «Иман шарттары» сабағында шәкірт ақидаға қатысты мәселелермен танысуға тиіс. Мұсылмандық шарт сабағында Ш. Құдайбердіұлының «Мұсылмандық шарт» кітабын қолданып, оған «Ғибадат исламия» кітабын әдістемелік құрал ретінде пайдалану қолайлы. Басқа әдебиеттерді де тыңдаушылардың деңгейіне қарай пайдалана алады. Тыңдаушы жалықпауы үшін ахлақ, сира, хадис пен хикметтен үзінділер дайындап, айтып отыру пайдалы. Сабақтың соңғы 5-10 минутын сұрақ-жауапқа бөлуді ұмытпаған жөн.

Білім алушы ұстаз емтиханынан алған бағалар (өте жақсы, жақсы) нәтижесінде келесі сатыға көшеді.

5.1.2. Діни сауат ашудың II сатысы

Оқу мерзімі – 3 ай.

Оқылатын пәндер: Құран әліппесі – 24 сағат, Иман шарттары – 8 сағат, Мұсылмандық шарты 16 – сағат, Сира – 8 сағат, Мұсылманның тұлғалық бейнесі – 8 сағат. Сахабалар тарихы – 8 сағат. Барлығы – 72 сағат.

Бастауыш діни білім берудің II сатысының функциясы тыңдаушыларды ислам дінінің парыздарына үйрету, Құран сүрелерін жаттату, дін негіздерін меңгеруге бағдарлау, білім алушы бойында жеке тұлғаның мәдениетін қалыптастыру болып табылады.

Ескеру: Құран сабағында шәкірт қысқа сүрелерді, аяттарды және дұғаларды оқиды, қажетті бөліктерін жаттайды. Әр сабақтан тапсырма беретін кезде әрбір шәкірттің жаттау қабілетін ескеру тиіс. Осы сатыда шәкірт өз бетінше алғашқы сүрелерді жаттауды бастайды.

Оқу пәндерін таңдау бойынша оқу жоспарын кеңейту үшін сағат санын көбейтуге болады. Қажетті сабақтардың бағдарламасы ұстаздардың ұсынысымен Бас имам келісімі арқылы облыс өкіл имамы бекітуімен жүзеге асырылады.

Ұстаз емтиханынан бөлек сыртқы бақылау өткізіледі. Бақылау нәтижелері бойынша бастауыш діни білім берудің III сатысында оқуын жалғастыруы мен даярлық деңгейі айқындалады.

5.1.3. Діни сауат ашудың III сатысы

Оқу мерзімі – 12 апта.

Оқылатын пәндер: Құран әліппесі – 24 сағат, Иман шарттары – 8 сағат, Мұсылмандық шарты 8 – сағат, Сира – 8 сағат, Мұсылманның тұлғалық бейнесі – 8 сағат. Барлығы – 72 сағат.

III сатының функционалдық бағыты тыңдаушылар ислам діні туралы ой бөлісе алуын, өзгелерде оң әсер қалдыра алатын тұлғаға айналуын қалыптастыру, олардың бойында жеке тұлғалық, соның ішінде толеранттылық мәдениетін қалыптастыру, дін атын жамылған ағымдардың ықпалынан сақтану қабілетін қамтамасыз ету болып табылады.

Ескерту: Құран сабағында шәкірт «Нәбә», «Мүлік», «Ясин» сүрелерін бетінен оқиды, қажетті деп табылған жерлерін жаттайды. Әр сабақта Құран

оқуды бес-он қатардан түсірмеу керек. Жаттайтын шәкіртке үш қатардан тапсырма беріледі.

Ұстаз емтиханы мен сыртқы бақылаудан өзге Бас имаммен сұхбаттасу арқылы келесі жалғастырушы топқа қабылданады.

5.1.4. Құран жаттау курсы

Діни сауат ашудың Құран жаттау курсы діни білім беру жүйесіндегі сауат ашу курсының жалғастырушы бағыты ретінде жұмыс істейді. Оқу ұзақтығы шектелмеген. Оқу бағдарламасы ҚМДБ тарапынан бекітіледі.

Мешіттер жанындағы Құран жаттау курсының мақсаты:

- 1) Діни білім беру тиімділігінің ары қарай дамуын қамтамасыз ету.
- 2) Талапкердің мұсылмандық дүниетанымын кеңейту.
- 3) Құранды оқу-игеру әдісін меңгеру және Құран оқуды кәсібилендіру.
- 4) Тыңдаушылардың әрі қарай сапалы діни білім алуын, діни сауаттылығын арттыру.
- 5) Құран кәрімді кәсіби түрде мәнерлеп оқитын, көп сүре жаттайтын оқушыларды көбейту.
- 6) Тыңдаушыларды аудандық, облыстық, республикалық Құран кәрім оқудан жарыстарға дайындау.

Мешіттер жанындағы Құран жаттау курсының міндеттері:

- 1) Оқушылардың жеке қабілеттері мен қажеттіліктеріне сәйкес оқыту жүйесін құру;
- 2) Тыңдаушыларды салауатты өмір салтының құндылықтарына баулу;
- 3) Мешітте діни ағартушы ұстаздар құрамын жасақтау;

Нәтижесі: Діни сауат ашудың Құран сүрелерін жаттау курсына қасиетті Құранды кәсіби түрде жаттағанын куәландыратын әр бөліміне (парасына) арнайы *сертификат* табысталады.

Ескерту: Құран жаттау курсына діни білім алуды одан әрі меңгеруге және тереңдете білуге көшу қамтамасыз етілетіндіктен үміткерлер оқытудың нысандары мен тәсілдерін, жеке білім беру бағдарламаларын таңдауына болады. Онда шығармашылық қызметке және оқушылардың жеке қабілеттерін дамыту үшін жағдай жасауға айрықша орын бөлінеді.

5.1.5. Діни оқу орындарына дайындық курсы

Дайындық курсы жоғары және орта оқу орындарына талапкерлерді дайындайды және келісім-шарт негізінде сол оқу орындарының құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

Дайындық курсы облыстық, қалалық өкіл имамдардың ұсынысы бойынша ҚМДБ-ның шешімі негізінде құрылады, қайта құрылады және жойылады.

Дайындық курстың жұмысы ҚМДБ тарапынан бекітілген **Ережесі** негізінде жүргізіледі.

Дайындық курсының мақсаты:

- 1) Діни оқу орындарын белгілі деңгейде даярлығы бар түлектермен қамтамасыз ету;

- 2) діни білім сапасының жақсаруына жағдай жасау;
- 3) бәскелестікке қабілетті діни білім берудің тиімді моделін жасау;
- 4) діндар жастарды қазақстандық патриотизм бағытында, дін исламның дәстүрлі ханафи мәзһабындағы құндылықтарды әрі қазақ халқының әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін сақтау және құрметтеу сарынында тәрбиелеу;
- 5) тыңдаушыларды діни оқу орындарына қабылдануына рухани-діни дайындықтан өткізу;
- 6) тыңдаушыларға араб тілі, ақида, фикһ, пайғамбарлар тарихы, Құран кәрім және тәжуид пәндерінен дәріс беріп, тыңдаушылардың білім деңгейін көтеру.

Дайындық курсының міндеттері:

- 1) Қазақстанда діни білім беру мәртебесін көтеру;
- 2) діни білім беру қызметін дамыту;
- 3) тыңдаушылардың қабілеттіліктерін дамыту, олардың интеллектуалды қызығушылықтарын қанағаттандыру;
- 4) облыстық орталық мешіттер жанынан немесе қалалық, аудандық орталық бір мешіттен жоғары және орта діни оқу орындарына дайындық курсының заңды, нормативтік оқу базасын жасау;
- 5) заманауи діни оқу үдерісін ұйымдастыру;
- 6) үміткерлердің діни білім деңгейін арттыру;
- 7) әр түрлі деңгейдегі арнайы оқу бағдарламаларын әзірлеу;
- 8) түсу емтихандарына дайындау.

Дайындық курс бітіргеннен кейін тыңдаушы оқыған пәндерінен жетерлік деңгейде білім алып шығулары керек және келесі талаптарға жауап беру міндетті:

- 1) Араб тілінде әлеуметтік-тұрмыстық дәрежеде сөйлеу және жай сөйлемдерді грамматикалық тұрғыдан бастапқы талдауларды білуі қажет;
- 2) дін исламның бес парызын үйреніп, оларға қатысты мәселелерді менгеруі қажет;
- 3) Өздері таңдаған «Исламтану» мамандығының негізгі пәндері және кәсіби білімдері туралы түсініктері қалыптасуы қажет.

Дайындық курстарындағы оқу үдерісі:

- 1) Дайындық курс оқу процесі ҚМДБ тарапынан бекітілетін оқу жоспары мен оқу бағдарламалары негізінде жүзеге асырылады.
- 2) Тыңдаушылар үшін толық курс 30 апта (8 ай) бойы жалғасып, 2 деңгейде ұйымдастырылады, бірінші деңгейі 13 апталық (қазан, қараша, желтоқсан айлары), екінші деңгейі, қысқы кезеңдегі 2 апталық демалыстан соң басталып, 17 апта (Қаңтар, ақпан, наурыз, сәуір, мамыр айларында) жалғасын табады.
- 3) Оқу үрдісі топпен (15 адамнан кем болмау керек) жүзеге асады.
- 4) Дайындық курсына негізгі орта және жалпы орта білімі бар оқушылар қатыса алады.

- 5) Түсушілер негізгі орта, жалпы орта білімді растайтын куәлік, белгіленген үлгімен аттестат немесе дипломмен, оқитын орнынан анықтама алып келулері керек.
- 6) Курста нақты пән бойынша іске асырылатын білім беретін оқу бағдарламаларының мазмұны, олардың игерілу мерзімі діни білім беру талаптарына сәйкес әзірленген оқу жоспарларымен және бағдарламаларымен анықталады.
- 7) Оқу кестесі оқу процесі мен жұмыс оқу жоспарларына сәйкес жасалады.
- 8) Оқу сабақтары сабақтар, дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар, бақылау және өзіндік жұмыстар, консультациялар, әңгімелесулер, факультативтік сабақтар, жұмыстар және оқу сабақтарының басқа да нысандары түрінде өткізіледі.
- 9) Тыңдаушылардың білім, білік және дағды сапасын тікелей тексеру ауызша сұрау, тапсырма бойынша жұмыстарды орындау, жалпы бақылау және тексеру жұмыстарын жүргізу, дәптерлерді, конспектілерді, бақылау жұмыстарын, үй жұмыстарының орындалуын мерзімді тексеру арқылы жүргізіледі.
- 10) Курста білім алушыларының білім, білік және дағды сапасы бағалармен белгіленеді: 5 (үздік), 4 (жақсы), 3 (қанағаттанарлық), 2 (қанағаттанарлықсыз).
- 11) Оқу топтарындағы оқу мен тәрбие жұмыстарына күнделікті басшылықты жетекшілер (тәрбиешілер) жүзеге асырады.
- 12) Оқу процесінің ерекшеліктеріне қарай білім алушылармен жеке сабақтар өткізілуі мүмкін.
- 13) Директордың бұйрығымен дайындық курсына қабылданған жеке тұлға тыңдаушы болып табылады.
- 14) Оқуға қабылдау түсушілердің ата-аналарымен келісім-шарт жасалғаннан кейін байқау негізінде жүргізіледі.
- 15) Дайындық курстарын өткізудің мерзімдері мен формасы діни оқу орны тарапынан тапсырыс берушінің талап-тілектерін ескере отырып, онымен жасалған келісім-шарт негізінде бекітіледі.
- 16) Оқытушылар мен тыңдаушылардың құқықтары мен міндеттері арнайы **Ережемен** және жеке **келісім-шартпен** анықталады.
- 17) Білім беру бағдарламалары мемлекеттік білім беру стандарттарының жалпы білім беру мекемелеріне қойылатын талаптарын ескере отырып жасалады, бекітіледі және жүзеге асырылады.
- 18) Дайындық курсы Қазақстан Республикасының білім Заңына сәйкес мекемелерде ұйымдастырылады.
- 19) Курстың оқу-тәрбие процесі білім алушылардың елжандылық, азаматтық, интернационалдық, жоғары моральдық және адамгершілік сезімін қалыптастыруға, сондай-ақ жан-жақты ынта-ықыласпен қызығушылығын және қабілеттерін дамытуға бағытталуға тиіс.
- 20) Емтихандарды тапсырғаннан кейін курстарды тыңдаушыларға дайындық курсын бітіргендігі туралы куәлік беріледі.

5.2. ДІНИ ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ЖҮРГІЗЕТІН ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ МЕКЕМЕЛЕРІ

«Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Қайырымдылық мекемесі» (бұдан әрі - Мекеме) әлеуметтік, қайырымдылық, мәдени, білім беру және қоғамға пайдалы өзге де мақсаттарды жүзеге асыру үшін мейірімді жандардың **ерікті мүліктік жарналары негізінде** құрылған коммерциялық емес ұйым.

Мекеме жұмысы ҚМДБ тарапынан бекітілген, Қазақстан Республикасының заңды талаптарына сай жасалған **Жарғы** негізінде жүргізіледі.

Мекемедегі білім сапасын және білім алушылардың тәрбиесін, оқытушылардың педагогикалық шеберлігін арттыру, оқу-әдістемелік және қаржылық-шаруашылық жұмыстарды жетілдіру мақсатында ҚМДБ сайлайтын немесе тағайындайтын алқалық басқару органдары құрылады. Мекемелердің алқалық басқару нысандары педагогикалық кеңесі, қамқоршылар кеңесі және тексеру комиссиясы болып табылады. Бұл органдар Құрылтайшы бекітетін, Қазақстан Республикасының Заңдарына сай әзірленген үлгілік ережелері негізінде жұмыс істейді.

Қайырымдылық мекеме қызметінің мақсаты: Үміткерлердің ата-аналары және олардың заңды өкілдерінің өтініші бойынша, жоғары және орта-арнайы білім беру орындарының студенттері мен мектеп оқушыларының (әрі қарай – Шәкірттің) тәлім-тәрбиесі, адамгершілік қасиеті мен діни имандылық пен ұлттық дүние-танымының қалыптасуына, Ислам мәдениеті мен ұлттық салт-дәстүрлерімізге бейімделуге, білімге деген ұмтылысын, ғылымға, өнерге, әдебиетке деген қызығушылықтарын арттыруға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайтуға бағытталған салауатты өмір салтын қалыптастыруға, зиянды әдеттердің (маскүнемдік, нашақорлық және т.б.) жағымсыз ықпалынан сақтандыратын жағдайларды жасауға, қоғамның діни сауатын арттыруға және діни құндылықтарды нығайтуға, діни тәлім-тәрбие мен діни ғылымның рөлін арттыруға қажетті негіз құру.

Қайырымдылық мекеменің мақсаты негізінде мәні мен миссиясы:

- 1) Қайырымдылық жұмыстарын ұйымдастыру;
- 2) діни-ағарту жұмыстарын жүргізу;
- 3) иманды жеке тұлғаны тәрбиелеу;
- 4) балаларды рухани үйлесімділікке жеткізу, өмірге және өздеріне деген сенімін арттыру;
- 5) Қазақстан Республикасындағы отбасылық қатынастарды реттейтін заңнамаларға бағыну және еліміздегі отбасылық құндылықтарды уағыздау;
- 6) отбасының қоғамдағы беделін және рөлін нығайту;
- 7) ата-аналықты, балалықты қорғауға үлес қосу, тәрбиелеуге бала алған

отбасыларға және қиын өмірлік жағдайда қалған отбасыларға әлеуметтік-рухани көмек көрсету және әлеуметтік жетімдіктің алдын алу;

- 8) азаматтардың денсаулығын қорғауда және оның профилактикасы аясында көрсетілген қызметке, сондай-ақ олардың моральды-психологиялық жағдайының жақсаруына көмек беру;
- 9) балалар мен жастардың рухани-өнегелік тәрбиесін, интеллектуальды және физикалық дамуын демеу;
- 10) жастардың қоғамдық маңызды бастамалары мен жобаларына қолдау көрсету;
- 11) республиканың әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси дамуын қамтамасыз етудегі діни ғылым мен тәрбиенің маңыздылығын арттыру.

Қайырымдылық мекемесінің негізгі міндеттері:

- 1) Қоғамға пайдалы азаматтарды жетілдіру;
- 2) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен тәжірибе жетістіктері негізінде жеке тұлға қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;
- 3) жеке адамның шығармашылық, рухани мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру;
- 4) діни оқу орындарының дайындық курстары шеңберінде бастауыш діни білім алушыларды дайындау;

Қайырымдылық мекемесіне білім алу үшін түсушілерді қабылдау тәртібі:

- Қабылдау ережесімен белгіленеді.
- Тыңдаушылар мен мекеме директоры арасында ҚМДБ тарапынан бекітілген үлгіге сәйкес шарт жасалады.
- Қайырымдылық мекемесіне орта мектепте және басқа да білім беру мекемелерінде оқитын 13-25 жас аралығындағы талапкерлер қабылданады.

Қайырымдылық мекемесінің оқу-тәрбие үрдісі:

- 1) Бастауыш діни білім беріледі және Құранды мәнерлеп жатқа оқу дағдылары игеріледі;
- 2) білім беру күндізгі, кешкі оқытудың түрлерін үйлестіру арқылы жүргізіледі;
- 3) оқу үрдісі ҚМДБ тарапынан бекітілген оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларына сәйкес жүргізіледі және сабақ кестесі директордың қолымен бекітіледі;
- 4) оқу жоспарын орындаған шәкірттерге тиісінше білімі туралы сертификат беріледі;
- 5) қайырымдылық үйінің оқу бағдарламасы арнайы діни пәндерді қамтиды;
- 6) қайырымдылық мекемесінде оқыту қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі. Жекелеген арнайы пәндер араб тілінде оқытылады;

- 7) қайырымдылық мекемесінің тәрбиелік міндеттері шәкірттердің, мұғалімдер мен қызметкерлердің бірлескен оқу, шығармашылық, өндірістік қызметтерімен жүзеге асырылады;
- 8) қайырымдылық мекемесі сонымен қатар қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді дайындық курстарын ұйымдастырып, талапкерлерді орта және жоғары діни оқу орындарына дайындауды жүзеге асырады.
- 9) Мекемедегі оқу процесі, оқытушылар мен тыңдаушылардың құқықтары мен міндеттері арнайы **Жарғымен** және жеке **келісім-шартпен** анықталады.

5.3. ҚҰРАН ҚАРИЛАРЫН ДАЙЫНДАУ ОРТАЛЫҒЫ

Қасиетті Құран кәрім сүрелерін кәсіби оқитын қарилар дайындау мекемесі «Орталық» деп аталады. «Орталық» «Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы» республикалық ислами діни бірлестігінің коммерциялық емес, жеке мекемесі болып табылады. Республика көлемінде 2010 жылдың желтоқсан айынан бері Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Қосшы ауылы, Набережная к-сі, 31 үйде орналасқан «Қауам ад-Дин әл-Итқани әл-Фараби әт-Түркістани» республикалық қариларды дайындау орталығы» және 2013 жылы тіркеліп, іске қосылған Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласы, Еңбекшіқазақ ауданы, Теріскей шағын ауданында орналасқан «Ықылас» қарилар дайындау орталығы» жемісті қызмет атқаруда.

Орталық өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, ҚР «Білім туралы» Заңын, «Баланың құқығы туралы» Конвенцияны, Азаматтық кодексі, «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңды, ҚР Үкіметінің басқа нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ өз **Ережесі** мен құрылтай құжаттарын басшылыққа алады.

Орталықтың қызметтік мақсаттары:

- 1) Құран сүрелерін жатқа меңгерген, кәсіби мәнерлеп оқитын, отандық қариларды (абыздарды) дайындап, халықаралық деңгейге шығару;
- 2) қасиетті Рамазан айында тарауих намазында Хатым Құран оқыту ғибадатын атқару үшін немесе мешіттерде діни рәсімдерді (азаншы, қари (абыз), молда) орындау үшін дайындау;
- 3) қасиетті Құран кәрімді толық жаттап алуды қалайтын үміткерлерді әрмен қарай оқыту;
- 4) қоғамның діни рухын арттыру және адамгершілік тұрақтылықты нығайту;
- 5) қоғамда жан-жақты дамыған тұлғалар дайындау үшін қажетті негіз құру;
- 6) медреселер мен жоғары діни оқу орындарына Құранды кәсіби оқуды меңгерген қари талапкерді әзірлеу.

Орталықтың негізгі міндеттері:

- 1) Бастауыш теологиялық білімді игерген мамандар дайындау;

- 2) Құран Кәрімді оқудың бастапқы, ең алғашқы ауызша түрін сақтайтын, және тізбектеліп, үзілмей, ауыз-екі жалғасып келе жатқан қасиетті Құран қари-мамандарын (Құранды жатқа білуші абыздарды) дайындау;
- 3) орталықтың дайындық бөлімінің курстары шеңберінде бастауыш діни білім алушыларды дайындау;
- 4) жеке адамның шығармашылық, рухани мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру;
- 5) қасиетті Құран кәрімді оқуға мамандану бағытына сәйкес діни білім берудің арнайы жүйесін құру;
- 6) Қазақстан қариларының мәртебесін арттыру;
- 7) жыл сайын қасиетті Рамазан айында мешіттерде хатым Құран оқылатын тарауих намаздарын атқару үшін қариларды (абыз немесе хафыз) сараптаудан өткізіп Республикадағы мешіттерге бөлу;
- 8) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен тәжірибе жетістіктері негізінде жеке тұлға қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;
- 9) отандық қариларды Құран кәрімді мәнерлеп, жаттап оқудан өтетін республикалық және халықаралық жарыстарға қатыстыру;

Орталықтың алдына қойылған мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес оның қызметінің түрі:

- оқу үрдісін ұйымдастыру;
- толыққанды ислами жеке тұлға тәрбиелеу;
- Құран кәрімнің қариларын дайындау және отандық Құран кәрімді оқушылардың жойылып кеткен тізбегін қайта жаңғырту;
- діни білімі бар мамандарға сұраныстарды арттыру және орталық түлектерін жұмысқа орналастыруға әрекет ету.

Орталықтағы оқу-тәрбие үрдісі:

- 1) Орталықта білім беру күндізгі оқытудың түрлерін үйлестіру курстары арқылы жүргізіледі;
- 2) орталықтағы оқу үрдісін ұйымдастыру пәндердің үлгілік бағдарламалары мен оқу жоспарларына сәйкес жүргізіледі және ҚМДБ тарапынан бекітіледі;
- 3) орталықта оқу күндізгі нысанында білім алушылар үшін 1 қыркүйектен басталады;
- 4) оқу бағдарламаларында көрсетілген мерзімдерге сәйкес білім алушыларға демалыстар беріледі;
- 5) орталықта теориялық және тәжірибелік оқытуды ұйымдастырудың негізгі түрі сабақ болып табылады. Теориялық және тәжірибелік сабақтардың реті оқу жоспарымен және оқыту кестесімен анықталады;
- 6) бітірушілердің білім беру бағдарламаларын меңгеруі аралық және қорытынды сынақтар және емтихандармен аяқталады.

- 7) емтихан комиссиясының шешімімен емтихан тапсырған білім алушыларға оқу бағытына сәйкес «Қари (абыз)» екенін растайтын құжат беріледі. ҚМБД төрағасы, Бас мүфтидің қолынан салтанатты түрде, арнайы **қуәлік** алады.
- 8) орталықтың тәрбие бағдарламалары білім алушылардың елжандылық, азаматтық, интернационалдық, жоғары моральдық және адамгершілік сезімін қалыптастыруға, сондай-ақ жан-жақты ынта-ықыласпен қызығушылығын және қабілеттерін дамытуға бағытталады;
- 9) Қабылдау оқуға түсушілердің ата-аналарымен келісім-шарт жасалғаннан кейін байқау негізінде жүргізіледі.
- 10) Орталықтағы оқу процесі, оқытушылар мен оқушылардың құқықтары мен міндеттері ҚР заңнамаларына сай жасалған, ҚМДБ бекіткен арнайы **Ережемен, жеке келісім-шартпен және ішкі еңбек тәртібі ережелеріне сәйкес анықталады.**

Орталықтың білім алушылары құқылы:

- оқу-тәрбие үрдісінде қарастырылған іс-шараларды өткізу кезінде Орталықтың дәрісханаларын, спорт, оқу залдарын, кітапханасын және басқа да оқыту-қосалқы мекемелерін, ақпараттық қорларын, мүліктерді, қызметтерді, ғимараттар мен оқу кабинеттерінің қондырғыларын тегін қолдануға;

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына және басқа да нормативтік құқықтық актілеріне қайшы келмейтін жағдайда өзінің бийімділігі мен қажеттеріне қарай қосымша (соның ішінде ақылы) білім беру қызметтерін пайдалануға;

- өзінің адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуіне;

- барлық білім алушылар Құранды жатқа оқу бойынша Орталықта алған білімдерін жетілдіру үшін сайыстарға қатысуға;

- оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін марапатталуға және сыйақы алуға;

- ҚР заңнамасы мен Орталық Ережесіне сай бекітілген басқа да құқықтарды пайдалануға құқылы.

Орталық білім алушылары міндетті:

- белгіленген уақытта міндетті оқу сабақтарына қатысуға, оқу жоспарында және бағдарламаларында қарастырылған оқу ісінің барлық түрлерін орындауға;

- Орталықтың мәдени-ағарту, қоғамдық және спорттық қызметіне қатысуға;

- ішкі тәртіп ережелерін сақтауға, білім беру ұйымының Ережесінде және білім беру қызметтерін көрсету туралы шартта көзделген басқа да талаптарды орындауға;

- педагог қызметкердің ар-намысы мен қадір-қасиетін, өздері білім алатын оқу орнының дәстүрлерін құрметтеуге;

- Орталықтың мектеп жасындағы білім алушылар мемлекеттік орта білім беру мекемелерінде тұрақты түрде білім алуға міндетті.

5.4. МЕДРЕСЕЛЕР

Медреселер «Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы» республикалық ислами діни бірлестігінің қоғамдық пайдалы қызметтер бойынша білікті мамандар дайындайтын, орта білім деңгейінің негізі болып табылатын техникалық және кәсіптік білім беру оқу бағдарламаларын жүзеге асыру мақсатында Мекеменің ұйымдастыру-құқықтық нысанында құрылған, заңды мәртебесін меңгерген, коммерциялық емес, жеке Мекеме болып табылады.

Медреселер өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Азаматтық кодексін, «Баланың құқығы туралы» Конвенцияны, «Коммерциялық емес ұйымдар туралы», «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы», «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы», «Білім туралы» Заңдарын және ҚР БЖҒМ нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ ҚМДБ-ның төралқа мәжілісі бекіткен Жарғысын басшылыққа алады.

Қазіргі таңда «Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы» республикалық ислами діни бірлестігінің санатында 9 медресе бар. Олар: «Үшқоңыр медресесі» (Алматы облысы, Қарасай ауданы, Шамалған ауылы, Жібек Жолы к-сі, 164 үйде орналасқан), «Әбу Ханифа медресесі» (Алматы қаласы, Медеу ауданы, Пушкин к-сі, 12 үй), «Орал медресесі» (Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Х.Досмұхамедов к-сі, 22 үй), «Ақтөбе медресесі» (Ақтөбе облысы, Алға ауданы, Бестамақ ауылы, Алға к-сі, 58 үй), «Ғибатулла Тарази медресесі» (Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Төле би к-сі, 89 үй), «Сарыағаш медресесі» (Оңтүстік-Қазақстан облысы, Сарыағаш ауданы, Жартытөбе аудандық округі, Ынтымақ ауылы, Науаи к-сі, 1 үй), «Шымкент медресесі» (Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласы, Рекордный д-лы, 4 үй), «Әбу Бәкір Сыддық медресесі» (Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Мүткенов к-сі, 52/2 үй), «Астана медресесі» (Астана қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 36 үй) «Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы» республикалық ислами діни бірлестігінің жеке мекемелері болып тіркелген.

Барлық медреселердің білім беру қызметі бойынша құқық беретін мемлекеттік лицензиялары бар. Медреселер ҚР Әділет министрлігінде тіркелген, ҚР Қаржы министрлігінен Салық төлеуші куәлігін алған. Медреселер Жарғы негізінде жұмыс жасайды. Білім беру қызметін ұйымдастыруы Қазақстан Республикасының білім саласындағы заңнамасы талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Барлық медреселер мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес қызмет атқарады. 0112000 «Исламтану» мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік білім берудің оқу жоспарлары бекітілген. Мәдени шаралар мен тәрбие ісінің жоспарлары барлық оқу орындарында жасалады.

Ұстаздардың базалық білімі, мамандану деңгейі орта діни оқу орны, яғни колледж оқытушысына қойылатын жүйелі діни білім беру талаптарына сай, алған мамандықтары оқытатын пәндеріне сәйкес келеді. Әрбір

оқытушының өз пәндеріне арналған жұмыс оқу бағдарламасы, дербес жұмыс жоспарлары жасалған.

Медреселердің оқыту жоспарына мемлекеттік стандартқа сәйкес зайырлы пәндер енгізілген. Оқытылатын барлық оқулықтар мен әдебиеттер Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасы тарапынан бекітілген. Олар имам Әбу Ханифа мәзһабының ұстанымдарымен толық сәйкес. «Ақида» пәнін жүргізу барысында имам Матуриди еңбектері негізге алынады. Өзге ақида өкілдерінің көзқарастары салыстырмалы түрде түсіндіріліп, матуридилік ақидадан ерекшеліктері көрсетіліп отырады.

Фикһ пәнін оқытуда ханафи мәзһабы өкілдерінің еңбектері басқа әһл әс-сүннә уәл-жамағат мәзһабтарымен салыстырмалы түрде пайдаланылады.

Жекелеген кітаптар сабақ барысында араб тілінен ауызша аударылып оқытылады.

Барлық медреселер кітапхана, жатақхана, асхана, оқу залдарымен қамтылған. Компьютер бөлмесі мен интернет желісі, медициналық пункттер жұмыс істейді. Медреселерде спорт залдары жоқ болғанымен дене шынықтыру пәндері көрші орналасқан мектептердің ауласында немесе спорт залдарында өткізіледі.

Медресе қызметінің мәні:

Медресе қызметінің мәні Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарына сәйкес техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде орта буын исламтану мамандарын дайындау.

Медресе қызметінің мақсаттары:

- 1) Техникалық және кәсіптік білімі бар, білікті исламтану мамандығына деген әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандыру;
- 2) жеке тұлғаның ұлттық, рухани құндылықтар негізінде кәсіби тұрғыдан қалыптасуына, дамуына бағытталған қажетті жағдайлар жасау;
- 3) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі жоғарғы білім беру жүйесі бойынша оқуға бейімдеу үшін дарынды жасөспірімдерге жағдайлар жасау;
- 4) Қазақстанның діни-рухани жандану жағдайында алғы шарттар болып табылатын білім алушылардың шығармашылық әлеуетін және рухани адамгершілік мәдениетін дамыту;
- 5) азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны – Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ұлттық мәдениет пен халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға және қоғамға қарсы шығу мен діни экстремизмнің кез-келген көрінісіне қарсы тұруға тәрбиелеу;
- 6) Қазақстанның мәдени жетістіктеріне баулу және Қазақ елімен қоса, басқа халықтардың да салт-дәстүрлерін зерделеу, қазақ, орыс, ағылшын, араб тілдерін меңгеру;
- 7) жеке тұлғаның мәдени және адамгершілік тәрбиесіне деген сұранысын қанағаттандыруды жүзеге асыру;

- 8) қазақстандық қоғамда гуманистік құндылықтарды нығайтуға арналған жан-жақты әлеуметтік-педагогикалық қызмет жүргізу және әлеуметтік көмекке мәжбүр тұрғындарға қолдау көрсету;
- 9) қоғам алдындағы борыштық сезімге тәрбиелеу, азаматтық ұстанымдарын қалыптастыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мәдени, қоғамдық тіршілігіне араласу қажеттілігіне тәрбиелеу;

Медреседе алға қойылған мақсатты іске асыру үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырылады:

- 1) Мемлекеттік білім беру лицензиясы негізінде күндізгі, кешкі және сырттай оқыту нысандарындағы «Исламтану» мамандықтары бойынша еңбек нарығындағы бәсекеге қабілетті білікті мамандар дайындау;
- 2) исламтану білімі бар мамандардың біліктіліктерін ақылы негізде және мекемелердің тапсырысы бойынша жетілдіру және қайта даярлау;
- 3) өскелең ұрпақтың зияткерлік және рухани-адамгершілік дамуын қамтамасыз ететін инновациялық педагогикалық әдістер мен технологияларды дайындау және ендіру, Мекеме қызметін ақпарат құралдарымен жабдықтау;
- 4) білім алушылардың қабілеттерін анықтау, оқыту, тәрбиелеу және әлеуметтендіру, мәдени-бұқаралық шаралар өткізу;
- 5) Қазақстан Республикасының барлық аймақтарынан келген білім алушыларға әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсету және оларды тұлғалық дамытуға арналған гуманитарлық бағдарламаларды, соның ішінде қосымша білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру;
- 6) білім алушылары медициналық қамсыздандыру және салауатты өмір салтын насихаттау, денсаулығын сақтау және оны нығайту дағдыларына баулу;
- 7) рухани-адамгершілік құндылықтарды дамыту саласы бойынша оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендерді, ғылыми-әдістемелік құралдарды және ұсыныстарды, соның ішінде олардың электрондық түрлерін, сондай-ақ, мерзімді және сериалды басылымдарды дайындау, басып шығару және енгізу;
- 8) білім беру жүйесінде үйлесімді даму мәселелері бойынша ғылыми-тәжірибелік форумдар, конференциялар, семинарлар, тренингтер, байқаулар ұйымдастыру және республикалық, шетелдік, халықаралық ұйымдардың қатысуымен оларды өткізу;
- 9) студенттерді жергілікті, республикалық және халықаралық деңгейдегі олимпиадаларға, конкурстарға, шығармашылық студиялар мен фестивальдарға және ынтымақтастықтың басқа да нысандарына қатыстыру;

Медреселердің білім беру жүйесіндегі қағидалары:

- оқу процесін басқару техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты қамтамасыз етуге бағытталады;
- білім берудің зайырлы сипатын қамтиды;
- діни білім берудің деңгейлік сабақтастығын сақтап, оқу үдерісін үздіксіз жүргізеді;

- жалпы орта біліммен 2 жыл 10 ай, негізгі орта біліммен 3 жыл 10 айлық оқу процесін ұйымдастырады.

Медресеге оқуға қабылдау тәртібі:

- 1) Техникалық және кәсіптік білім алу мақсатында Медресеге білім алушыларды қабылдау тәртібі оқу орнына қабылдаудың типтік ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.
- 2) Медресе колледжге қабылдау негізгі орта, жалпы орта білімі бар азаматтардың қабылдау емтихандарының нәтижесі негізінде жеке өтініштері арқылы жүргізіледі. Конкурстық негізде қабілетті және дайындықтары жақсы талапкерлер қабылданады.
- 3) Оқуға азаматтарды қабылдау кезінде оны және (немесе) оның ата-аналарын немесе басқа заңды өкілдерін мекеменің Жарғысымен, білім беру қызметтерін жүргізу құқығына берілген лицензиямен және оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру мен қабылдау тәртібін реттейтін басқа да құжаттармен танысуы қажет.
- 4) Мекемеде жетім және ата-аналарының немесе басқа заңды өкілдерінің қамқорлығынсыз қалған балаларды оқыту тегін жүзеге асырылады.
- 5) Талапкерлер оқуға түсу үшін тиісті құжаттар мен мекеме директоры атына жазылған өтініш тапсырады. Директордың бұйрығымен техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламасын меңгеру үшін қабылданған жеке тұлға студент болып табылады.
- 6) Оқытудың толық курсын ойдағыдай аяқтаған және жалпы білім беретін кәсіби циклдар мен өндірістік оқытудың барлық пәндері бойынша оң қорытынды бағалар алған медресенің студенттері бітіру біліктілік емтихандарын тапсыруға жіберіледі.
- 7) Білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу тәртібі мемлекеттік қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік ережесіне сай іске асырылады.

Нәтижесі:

Мемлекеттік қорытынды аттестаттаудан өткен мекеме бітірушілеріне «Исламтанушы» мамандығы бойынша, “Имам Хатиб”, “Ислам негіздерінің мұғалімі” біліктілігін күәландыратын техникалық және кәсіптік орта білімі туралы мекеменің атауы, білім деңгейі мен біліктілігі көрсетілген мемлекеттік үлгідегі **диплом** және оқыған пәндерін меңгеру сапасы мен көлемі көрсетілген қосымшасы қоса беріледі.

Медреселердің стратегиялық бағыты:

- 1) Сапалы діни және зайырлы білім алуға қол жеткізуді қамтамасыз ету;
- 2) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі жоғарғы білім беру жүйесі бойынша оқуға бейімдеу үшін дарынды жасөспірімнің дамуына жағдайлар жасау;
- 3) үздік бітірген студенттерді шетелдік діни жоғары оқу орындарында білім алуын жалғастыруды ұйымдастыру;
- 4) діни білім жүйесін басқару мен қаржыландырудың тиімділігін арттыру.

- 5) діни білім берудің әлеуетін көтеру, медреселердің көп бейінді және көп функциялы желісін құру;
- 6) мемлекеттік білім беру лицензиясы негізінде кешкі, сырттай, қашықтықтан (дистанттық) және қысқартылған бағдарламамен оқыту түрлерін ұйымдастыру;
- 7) «Исламтану» мамандықтары бойынша еңбек нарығындағы бәсекеге қабілетті білікті мамандар дайындау;
- 8) жаңа педагогикалық технологияларды, оқытудың ақпараттық құралдарын, тәрбиенің қазіргі нысандарын меңгерген кәсіби білікті педагог мұғалімдерді тарту;
- 9) медреселердің жұмысына жаңашыл ұсыныстар енгізу арқылы модернизация жасап отыру;

Медреселердің стратегиялық бағытының міндеттері:

- 1) Діни білім беру жоспарлары мен оқу бағдарламаларын және оқу процесін жетілдіру;
- 2) жаңа технологияларды оқытудың ақпараттық құралдарын, тәрбиенің қазіргі нысандарын меңгерген кәсіби білікті педагог мұғалімдерді тарту, педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру;
- 3) салауатты өмір салтына, оқушылардың денсаулығын нығайтуға, денсаулық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету;
- 4) қосымша білім берудің қолжетімдігін қамтамасыз ету;
- 5) материалдық базаны нығайту;
- 6) медреседе орыс тілді мамандар дайындау үшін орыс тілді топ құру;
- 7) оқу процесін ұйымдастырудың жаңа технологияларымен санасу және білім алушыларды оның мүддесіне бағындыру;
- 8) медреселер үшін арнайы қазақ тілінде жазылған діни оқулықтар, оқулық әдіснамасын жасау;
- 9) ҚМДБ медресеге қызметке қабылдау барысында ұстаздардың жүргізетін пәні бойынша, арнайы емтихан қабылдау;
- 10) ҚМДБ жыл сайын әрбір діни пән бойынша «Үздік ұстаз» бәйгесін жариялау;
- 11) медреселердегі түрлі сапасыз істердің алдын алу, сапасын көтеру үшін ҚМДБ жылда бір рет аралық бақылау (аттестация) сүзгісін жасау;
- 12) медресе шәкірттерінің білім көрсеткішін белгілеу үшін жылына бір рет медреселер арасында Құран қирағаты, араб тілі, фикһ, ақида, тәпсір, хадис және тарих пәндері бойынша білім сайысын (олимпиада) өткізу;
- 13) медреселер үшін ғаламтор арқылы электронды бақылауды жүзеге асыру;
- 14) медресеге негізгі орта мектепті (9 сынып) бітірген түлектерді қабылдау;
- 15) білікті дін мамандарын даярлау үшін жоғары оқу орнындағы «Исламтану» мамандығына медресе түлектерін қабылдау;
- 16) медресе базаларын колледж базаларына сәйкестендіру (арнайы оқу аудиторияларын, кітапханасын, спорт залын жасау);
- 17) медреселердің кейбірін «Исламтану», «араб тілі» мамандықтарын дайындайтын заманауи колледждерге айналдыру;
- 18) медреселердің кітапхана қорын көбейту;

- 19) діни әдебиеттерді қазақ тіліне аудару және жаңадан жазу бойынша, жыл сайын медресе аралық «Үздік діни кітап» байқауын ұйымдастыру;
- 20) діни оқу орындарының мұғалімдер құрамын ғылым докторларының, магистрантар мен білікті отандық және шетелдік мамандармен қамтамасыз ету;
- 21) медреселерге дайындық курстарда оқыған үміткерлерді қабылдау;
- 22) медресе шәкірттері арасынан білімін арттыруға ынталы азаматтарды іріктеп, әрі қарай тура бағытта діни білім алуына жағдай жасау;
- 23) діни оқу орнын бітіруші түлектердің жұмысқа орналасуын қадағалап, жан-жақты көмектесу;
- 24) ҚМДБ-ға қарасты діни оқу орындарының жұмысын бақылап, жыл сайын тексеру жұмыстарын ұйымдастыру және нәтижесі бойынша жұмыстың тиімділігін арттыру мақсатында ұсыныстар беру;
- 25) ҚМДБ-ға қарасты медреселерді арнайы пәндерден базалық медресе орнын қалыптастыру (Тірек медресесі - арнайы пәнді жеке зерттеп, ізденіс жұмысымен айналасу, пәнге байланысты мақала жазу, оқулық жазу, шәкірттерге белгілі тақырыпты жеткізудің жаңа әдістемесін әзірлеу, ұстаздар арасында семинар ұйымдастыру);
- 26) жоғары діни оқу орындары мен медресе қабырғасында еңбек еткен діни оқытушылардың заңды талаптарға сай санатын көтеру;
- 27) медреседе 5 жылдан астам қызмет жасаған оқытушыларды мешіттерге лауазымды қызметтерге орналастыру.

Медресе білімінің ғылыми-әдістемесін қамтамасыздандыруы:

- Оқу-әдістемелік кеңес құру;
- ҚМДБ діни оқу орындарының барлығын оқу әдебиеттермен қамтамасыз ету;
- мемлекеттік стандарттарға сай оқу бағдарламасын қабылдап, бірзділікке келтіру;
- медреседе қазіргі ақпараттық, инновациялық технологияны қолдануды жетілдіру;
- діни білімдерді игеру, саралау және қолдану біліктері мен дағдыларын меңгеру, жаңашылдыққа қабілетті ету;
- тәлім-тәрбиенің, инновациялық және ақпараттық оқыту әдісін, білім үрдісінің сапасын тексеру ісін қамсыздандыруы үшін медресе оқытушыларының біліктілігін көтеру;
- ғылыми ізденіс бағытындағы жұмыс түрлеріне төселдіру, танымдық қызығушылықты арттыру;
- әдеби тіл нормаларын меңгеру, тілдік және діни сауаттылықты арттыру.
- ақпарат-бағдарламалық құралдарын иемдену, мамандыққа қажетті түрлі ақпараттық техникалық жабдықтар мен құралдарды пайдалану;
- студенттер мен оқытушыларды қазіргі ақпараттық ортамен қамсыздандыру үшін зерттеме әдістемелік құрал-жабдықтарын әзірлеу.

Медресеге түсетін үміткерлерге қойылатын талаптар:

- Қазақстан Республикасының заңдарына бағынуы;

- Медресе Жарғысының талаптарын, ішкі тәртіп пен нұсқауларды және ондағы лауазым иелерінің бұйрық-үкімдерін орындауы;
- Ыждаһаттылық пен еңбекқорлық таныта отырып, дұрыс білім алуы;
- Медреседегі басқа оқушылардың, ұстаздар мен қызметкерлердің және жұмыскерлердің ар-намысы мен беделін сыйлауы;

5.5. ЖОҒАРЫ ДИНИ БІЛІМ БЕРУ

«Нұр Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университеті 2001 жылы Египет Араб Республикасы мен Қазақстан Республикасының үкіметтері арасындағы келісімге сай құрылған. Оқу орнына жалпы басшылық ететін және оның қызметін екі тараптан үйлестіретін Қамқорлар кеңесінің күзіретіне қаржы, мәдени және білім беру саясатын қалыптастыру кіреді. Университеттің білім беру қызметін жүргізуге құқық беретін мемлекеттік лицензиясы бар (АБ сериялы №0137466, 2010 жылдың 29 қыркүйек). Университетте берілетін мамандықтар ҚР жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандарттарымен қамтамасыз етілген.

Жоғары оқу орнының жылдық есебі ҚР Білім және ғылым министрлігіне жіберіліп отырады. ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылғы 20 сәуіріндегі №152 бұйрығына сәйкес, университетте оқу процесі кредиттік оқыту технологиясы бойынша ұйымдастырылған. Барлық оқу пәндері бойынша оқу жұмыс жоспары дайындалған. Студенттер білімін тексерудің ағымдық, аралық және қорытынды бақылаулар ұйымдастырылып, білім алушылар жетістігі балдық-рейтинг жүйе бойынша тексеріледі. Кредиттік оқыту жүйесін қамтамасыз ету мақсатында тіркеу процестерін басқарудың автоматтандырылған «Платон» жүйесі енгізілуде.

«Нұр Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университетінде дәріс беретін оқытушылар құрамының көпшілігінің ғылыми дәрежесі бар.

Оқу үдерісінің бағыттылығы ханафи мәзһабы бойынша жүреді. Жоғары оқу орнының материалдық-техникалық базасы қажетті талаптарға сәйкес келеді. Университетте студенттерге арналған жатақхана, көпшілік кітапхана, электронды кітапхана, оқу залы, лингофон және компьютер кабинеттері жұмыс істейді.

Кітапхана қоры бай, 203 мыңға жуық діни және зайырлы мазмұндағы әдебиеттер, оқулықтар мен ғылыми еңбектер жинақталған.

Жоғары білім берудің мақсаты мен міндеті:

1. Қоғамның, мемлекеттің және жеке тұлғаның сапалы жоғары білім алуға деген мүдделерін қанағаттандыру. Жоғары діни білімді дамытудың негізгі үрдісі мамандар даярлау сапасын арттыру, ғылыми-зерттеу қызметімен ықпалдастырылған білімді дамыту, діни білім беруді жетілдіру.

2. Қазіргі заман жағдайында жоғары білім беру жүйесінің бірінші кезектегі міндеті жоғары білікті мамандарды даярлау. Оны айрықша сала ретінде түсінуді қарастыру және жаңа сапа мен қоғамдық мәртебе, бейімділік беруді қажет ету болып табылады.

Университетте «Исламтану» мамандығын оқытудың мақсаты:

Қазақстан мешіттеріне жоғары лауазымды діни қызметкер (Имам Хатиб) немесе діни білім беретін оқу орнына ұстаздық етуге және ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысатын жоғары білікті мамандарды дайындау. Жоғары исламтанушылар, білімді имамдар дайындаумен қатар, болашақ дін қызметкерлеріне практикалық мәселелерді білікті түрде шешуге, мұсылман шариятының қағидаларын түсіндіруге, діни жол-жоралғылардың дәстүрлі ханафи мазһабына сәйкестілігін, шынайы Исламның қағидаларына қайшы келетін жат сенімдердің белгілерін анықтауға, қоғамның рухани әлеуетінің жоғарылауына және адамгершілік мінез-құлықты бекітуге, қоғамдағы үйлесімді және жоғары дәрежеде білім алған тұлғалардың дамуына қажетті негіз қалауға мүмкіндік беретін білім және біліктілік кешенін меңгеруге жағдай тудыру.

Исламтану, араб тілі және т.б. діни мамандықтар бойынша мамандарды оқыту. Ел аумағындағы оқу-ағарту саласын дамыту мақсатында халықаралық деңгейге шығу шараларын іске асыру. Университеттің негізгі миссиясы - Қазақстанда ислам саласында мамандарды даярлайтын басты білім беру, ғылыми және діни-ағарту орталығына айналу.

Нәтижесі:

Жоғарғы білімі туралы мемлекеттік үлгідегі *диплом*, «Исламтанушы», «Имам Хатиб», «араб тілі оқытушысы» біліктілігі беріледі.

Оқу мерзімі: Медресе бітірушілерге 3 жылда, орта білім аттестаты немесе діни емес колледждердің дипломымен 4 жылда бакалавр дәрежесі беріледі.

Міндеттері:

- 1) ҚМДБ құрылымдарына, мешіттерге, отандық діни оқу орындарына қажетті мамандар әзірлеу;
- 2) Исламтану негіздерін, оның бағыттарын, ғылыми зерттеу әдістемесін игерген, ислам дінінің тарихы мен ілімдерін терең меңгерген жоғары білікті мамандарды – бакалаврларды, магистрлерді, PhD докторларын және профессорларды даярлау, сондай-ақ, осы саладағы кадрлардың біліктілігін жоғарылатуға жәрдемдесу;
- 3) Исламтану мамандығы бойынша білім беруді сапалы және бәсекелестікке қабілетті деңгейге жоғарылату;
- 4) басқару жүйесін жетілдіру;
- 5) елімізде болашақта бетке ұстар діни кадрларды қалыптастыруға септесу;
- 6) Исламтану бойынша білім бағдарламаларын құрастырып, типтік оқу жоспарларын қалыптастыру, аталған мамандық бойынша ислами білім берудің барлық жүйелеріне: университеттерге, институттарға, медреселерге, Құран оқыту курстарына және т.б. оқулықтар мен оқу құралдарын әзірлеу;
- 7) ислам ілімдерін дамыту, исламтану бойынша қолданбалы және іргелі ғылыми зерттеулерді жүргізу;

- 8) Исламтану мамандығы бойынша мемлекеттік мекемелерде, ғылыми-зерттеу орталықтарында, БАҚ және басқа да құрылымдарға маман даярлау;
- 9) ханафи мазһабы ұстанымдарын теориялық, ғылыми тұрғыдан негіздеу;
- 10) ғылыми және оқу-әдістемелік инфрақұрылымды дамыту;
- 11) шетелдік оқу орындарымен, ғылыми-зерттеу орталықтарымен байланыс және әріптестік қарым-қатынас орнату;
- 12) ханафи мазһабының негізіндегі діни пәндер бойынша оқытушы-профессорлар құрамына жоғары білікті мамандарды тарту.

Университет қызметінің негізгі бағыттары:

- 1) оқу процесін ұйымдастыру;
- 2) ғылыми жұмыстардың орындалуын ұйымдастыру, соның ішінде, отандық ислам ғұламаларының діни, ғылыми мұраларын жандандыру, олардың еңбектерін талдау;
- 3) Исламтану бойынша ғылыми, танымдық еңбектер, оқулықтар, оқу құралдарын әзірлеу;
- 4) діни мекемелерде қызмет атқарып жүрген мамандарды қайта даярлау және олардың біліктілігін жоғарылатуға көмектесу;
- 5) діни білімі бар мамандарға деген сұранысты зерттеу және университет түлектеріне жұмысқа орналасуға қолдау көрсету;
- 6) өзінің оқыту-педагогикалық және ғылыми қызметінің бағыты бойынша семинарларды, симпозиумдарды және конференцияларды ұйымдастыру;
- 7) ғылыми зерттеулер жүргізу және әр түрлі шетелдік жоғары оқу орындарымен, ғылыми мекемелер, қоғамдармен, сондай-ақ, жеке ғалымдар және шет елдердің діни қайраткерлерімен басқа да байланыс түрлерін жүзеге асыру;
- 8) ислам діни негіздерін оқыту бағыттары бойынша шетелдік оқу орындарының тәжірибесін жан-жақты зерттеу.

Университет мамандықтарының басты бағыттары:

1. Исламтану;
2. дінтану;
3. шетел филологиясы (араб және ағылшын тілдері).

Университеттің стратегиялық мақсаттары:

- 1) оқыту бағдарламаларын жетілдіру арқылы университеттің бәсекелесуге қабілеттілігін арттыру;
- 2) оқытудың әр түрлі формалары бойынша мамандар даярлауды және қайта даярлауды ұйымдастыру (соның ішінде қысқартылған оқыту бағдарламалары бойынша, екінші жоғары білім);
- 3) Ислам қағидаларына байланысты барлық өзекті мәселелерге жауап беретін беделді саты ретінде университет ұстанымын бекіту;
- 4) шетелдік университеттермен әріптестік қарым-қатынаста әр түрлі мамандықтар бойынша жаңа бағдарламаларды әзірлеу;
- 5) докторантура бағдарламасын жүзеге асыру;

- 6) шетелдік әріптес оқу орындарын көбейту;
- 7) Әл-Азһар және Каир университеттері сияқты әріптес университеттермен, сонымен қатар, аталған университеттердің көрнекті профессорларымен докторлық диссертацияларды дайындау және қорғау саласында бірлескен ғылыми жетекшілік етуде қарым-қатынас құру;
- 8) тәжірибе мен ғылыми зерттеулерді жүргізу мақсатында шет елдік жоғары оқу орындарымен қарым-қатынасты жүзеге асыру, сондай-ақ, бірлескен ғылыми жобаларды іске асыру.
- 9) діни білімді кеңінен меңгерген, бастамашыл, жаңа технологиялардың талаптарына бейімделген, көпшілікпен жұмыс істей білетін жаңалыққа құштар мамандарды даярлау;
- 10) діни білім беру процесінде жоғары зайырлы білім беру жүйесі сияқты сапалы білім беруді күшейту;
- 11) жоғары оқу орнын мемлекеттік ұлттық аккредиттеуден өткізу, халықаралық аккредиттеуден өтуге дайындау;
- 12) діни оқу орындарын басқарудың принциптері мен практикасын қалыптастыру, стратегиялық жоспарлау жүйесін енгізу;
- 13) студенттердің сапалы білім алуға деген құқықтарын нығайту, жоғары оқу орны басшыларының сапалы білім беру қызметін ұсыну жауапкершілігін анықтайтын тетіктерді әзірлеу және енгізу.

«Нұр Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университетінің жұмысын жетілдіру және жоғарыдағы көрсетілген міндеттерді іске асыру мақсатында төмендегі өзгеде жалпы шараларды атқару көзделеді:

1. Қазақстан зайырлы ел болғандықтан, арнайы діни білім беру ісі де мемлекеттік білім беруден бөлінгенін ескеріп, университеттен діни ислами оқу орындарына байланысты мәселелерді тұрақты талқылау мақсатында Оқу-әдістемелік кеңес құру, оның ережесін, жоспарын жасау;
2. Ислам шарифаты, Ислам экономикасы, уағыз-насихат, Құрантану, хадистану факультеттерін ашуды қолға алу;
3. Университетке түсу үшін алдымен медресені немесе дайындық курсы тәмамдау;
4. Жылдық медресеаралық сайыстардың соңғы кезеңін тұрақты түрде Нұр-Мұбарак университетінде өткізу;
5. Исламтану бойынша ғылыми-жалпы еңбектерді, соның ішінде, оқулықтарды, оқыту бағдарламаларын, құралдарын құрастыру және жариялау;
6. Медресе түлектері үшін исламтану мамандығы бойынша 3 жылдық қысқартылған бағдарлама әзірлеп, оқу жоспарын жетілдіру;
7. ҚМДБ жанынан дәстүрлі «Имам Ағзам Әбу Ханифа» және «Имам Матуриди» сенімі туралы жүйелі жұмыстар ұйымдастырып, ағартушылық, ғылыми материалдар дайындау;
8. Әлемдегі ислам діні бойынша беделді жоғары оқу орындарымен келісім-шарт жасау;

9. Шетелдік діни оқу орындарында білім алуға ниет еткен талапкерлердің өтініштерін қабылдап, келісім-шарттар негізінде олардың шетелде білім алуын ұйымдастыруға септесу;

10. Қазақстанның жоғары және орта оқу орындары мен орта және арнаулы мектептерде студенттер мен оқушыларға ислам дінін оқыту мақсатында берілетін оқу бағдарламаларын дайындап ҚР Білім және ғылым министрлігіне ұсыну;

11. Қазақстанда «дінтану» мен «исламтану» пәндерінен сабақ беретін ұстаздар мен оқытушылардың тұрақты түрде діни білімдерін жетілдіру мақсатында жыл сайын семинарлар ұйымдастыру;

12. ҚМДБ басқа мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесе отырып шетелдік діни оқу орындарының тізбесін мақұлдау, шетелден шақырылатын профессорлар мен теологиялық мамандарды сараптамадан өткізіп, шақырту;

13. Шетелдік діни университеттерге отандық діни ағартушы ұстаздарды білімін жетілдіру курстарына жіберу;

14. Орыс тілді мамандар дайындау үшін, діни оқу орындарында орыс тілді топтар құру;

15. Араб тілінен қазақ тіліне отанға қажетті діни әдебиеттерді аударатын көркем аудармашылар тобын жасақтап, басшылыққа алу;

16. Орта және жоғары діни оқу орнының түлектерінің курстық, дипломдық жұмыстарын, ғылыми диссертацияларын сараптамадан өткізіп, тиісті бағасын беріп, ғылыми жұмыстарға тарту;

17. Қазақстанда исламтану ғылымын академиялық деңгейде зерттейтін отандық ғалымдардың ортасын ұйымдастыруды қалыптастыру;

18. Университет қарамағынан медресе ұстаздарының біліктілігін көтеру курстарын ұйымдастыру, онда тек білімдерін ғана көтермей, ресми құжаттармен жұмыс істеу дағдыларын үйрету;

19. Діни ғылымды дамыту үшін әлемдік діндер тарихы мен исламтану ғылымының қыр-сырын ашатын Исламдағы дәстүрлі тәпсір, хадис, фикх, кәлам, ахлаһ, тарих секілді тақырыптарға бәйге жариялау;

20. Діни-рухани құндылықтарды және дін мен адамгершіліктің дәстүрлі түсінігін сақтау мен дамытуға бағытталған іс-шараларды (конференциялар, форумдар, кездесулер және т.б.) өткізуге мұрындық болу;

21. Университеттің қызметіне құрылтайшылар бақылауын күшейту, басқару жүйесін жетілдіру;

22. Жоғары оқу орнында кәсіби кадрларды қайта даярлау тетігін енгізу;

23. Оқу процесін ұйымдастырудың жаңа технологияларымен санасу және білім алушыларды оның мүддесіне бағындыру, оқытушылар арасындағы бәсекелестікті құру;

24. Олимпиадаларда жүлдегер атанған шәкірттерге «Нұр Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университетінде оқу үшін арнайы грант бөлу;

25. Діни білім беру қызметін жақсарту үшін жоғары оқу орындары басшыларының жауаптылығын көздейтін заңнамалық нормаларды енгізу;

Университеттегі білім беру деңгейлері және талапкерлерді қабылдау шарттары

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім берудің құрылымы бір-бірімен өзара келісілген бакалавриат, магистратура және докторантура арқылы кадрлар даярлау жүйесіне берілетін болады.

Бакалавриатта жоғары білімнің білім беру бағдарламалары іске асырылады – онда алғашқы екі курс сәйкестендірілуі және жалпы міндетті пәндер цикліне біріктірілуі тиіс. Содан кейінгі екі курста бакалавриатта дайындау базалық арнайы пәндер бойынша жүргізіледі.

Шетелдік ұстаздардың нұсқаулары, пәндердің типтік оқу бағдарламаларында көрініс табады.

«Нұр Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университетіне талапкерлерді қабылдау – Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен жоғары оқу орнына қабылдаудың үлгі қағидаларына сәйкес жалпы орта, техникалық және кәсіптік (орта кәсіптік, орта білімнен кейінгі) және жоғары (жоғары кәсіптік) білімі бар тұлғалар ұлттық бірыңғай тестілеу немесе кешенді тестілеуден алған балы негізінде, талапкердің өз өтініші бойынша қабылданады.

Талапкерлерді университетке қабылдауды университет ректорының бұйрығымен бекітілген қабылдау комиссиясы ұйымдастырады. Қабылдау жұмыстарының сапалы әрі заң аясында болуын қамтамасыз ету мақсатында комиссия құрамына ҚМДБ-ның мүшелер шақыртылады.

Университетте студенттер контингентін қалыптастыру мемлекеттік білім беру гранты, сондай-ақ азаматтардың өз қаражаты мен басқа қаражат көздері есебінен оқуға төлеу арқылы жүзеге асырылады.

Үкімет қаулысына сәйкес, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ тұлғаларға және Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ тұлғаларға егер олар осы деңгейде бірінші рет білім алатын болса, мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін жоғары білім алуға құқық беріледі.

Ал, шетелдік жоғары оқу орнында білім алып жатқан Қазақстан Республикасының азаматтары «Нұр Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университетіне ауысып келу үшін, кешенді тестілеу нәтижесі бойынша алған сертификатындағы балы негізінде қабылданады.

Исламтану мамандығына түсетін азаматтар шығармашылық емтихан (ислам негіздері және кәсіби жарамдылық) және кешенді тестілеу түрінде өткізілетін емтихан (Қазақстан тарихы, қазақ тілі) нәтижесі арқылы қабылданады.

Бакалавриаттағы нормативтік оқу мерзімі 4 жылды құрайды және мемлекеттік қорытынды аттестаттаумен, бакалаврдың тиісті академиялық дәрежесін беру аяқталады.

Бакалавриатты бітіруші түлектердің Қазақстанда немесе шетелде магистратурада оқуын жалғастыруға мүмкіндігі бар. Қазақстанда білімін жалғастырғысы келетін азаматтар Үкіметтің «жоғары оқу орнына қабылдаудың үлгі қағидаларына» сәйкес шет тілі және өз мамандығы бойынша емтихан тапсырып, өту балын жинаған жағдайда университетке қабылданады. Ал, шетелдің жоғары оқу орындарының магистратура бөлімінде білімін тереңдету үшін түлектер ҚМДБ және «Нұр Мұбарак»

университетімен өзара келісім-шарт негізінде емтихан тапсырады. Болашақта шетел университеттеріне білімін тереңдетуге баратын бітіруші түлектерді университетте емтихан алып, іріктеп жіберу мүмкіндіктері қарастырылады.

Бакалавриатты бітірушілердің одан әрі 1-2 жылдық магистратурада білімін жалғастыруға мүмкіндігі бар.

5.6. ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ

Жоғары оқу орнынан кейінгі діни білім, діни білім беру жүйесінің жоғары деңгейі магистратура мен докторантура (PhD) болып табылады.

Магистратура

Мақсаты:

Діни білім беру мен ғылымды ықпалдастырудың негізінде қоғамды, ғылымды, дінді, діни қызметті жетілдірудің проблемаларын шешуге, батыл технологияларды әзірлеуге қабілетті, жаңа тұрпатты ғылыми, ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлаудың тиімді жүйесін жасау.

Нәтижесі:

Магистратураның білім бағдарламасын меңгерген және магистрлік диссертация қорғаған тұлғаға «магистр» академиялық дәрежесі беріледі. Оқу мерзімі 2 жылды құрайды.

Міндеттері:

- магистратурада жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдардың базасында оның жұмыс істеуін көздейтін ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлаудың жаңа моделін енгізудің тетіктерін әзірлеу;
- Құран және хадис мәтіндеріне тілдік, құқықтық, теологиялық, пәлсапалық тұрғыдан жан-жақты талдау жасап, жастарға діни мәтіндердің негізін тереңдетіп түсіндіру;
- қоғам үшін жіті түсіндіруді қажет ететін діни мәтіндерді жан-жақты талдап оқыту;
- діни білім беру бағдарламаларының негізінде мамандарды мақсатты даярлауды қамтамасыз ету;
- халықаралық аккредиттелген докторлық бағдарламалары бар жетекші шетелдік жоғары оқу орындарымен серіктестік құрып, магистранттар мен PhD докторларын даярлау жөніндегі орталықтар құру.

Магистратура бойынша мамандарды даярлау мынадай бағыт бойынша жүргізілуі мүмкін:

1) Дін саласында мамандардың бейіндік, тереңдетілген даярлығы;

2) Ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызмет үшін ғылыми-зерттеу даярлығы.

Магистрлерді даярлау оқытудың ғылыми-әдістемелік бағытталуын және тиісті саладағы тереңдете мамандандырылған даярлықты қамтитын білім беру бағдарламаларына негізделетін болады.

Магистратураны бітірушілер докторантурада оқуын жалғастыруға құқығы бар.

Докторантура

Қазақстанның білім беру жүйесін аяқтайтын білім беру деңгейі болып табылады.

PhD докторын даярлаудың білім беру бағдарламасы ғылыми-педагогикалық бағытқа ие және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім мен ғылыми салалары үшін іргелі білім беру, әдіснамалық және зерттеушілік даярлық пен ғылымның сәйкес бағыттары бойынша пәндерді терең оқытуды қарастырады.

PhD докторантурасының білім беру және ғылыми бағдарламасын қалыптастыру әлемдік және қазақстандық ғылым мен білімнің өсуіне сай тұрақты жетілдіріп отыруды талап етеді.

Докторантураның мақсаты жоғары білікті ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау болып табылады.

Нәтижесі:

Докторантураның бағдарламасын меңгерген және докторлық диссертация қорғаған адамдарға Исламтану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) академиялық дәрежесі беріледі.

Докторлық бағдарламалар бойынша оқу мерзімі кемінде 3 жылды құрайды.

Елдің оқытушылары мен ғылыми қызметкерлерінің академиялық ұтқырлығын қамтамасыз етуі тиіс.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі нарықтық экономиканың қажеттіліктеріне, жаһандану процестеріне, жалпы танылған халықаралық талаптарға сәйкестендірілетін болады, жастардың академиялық дәреже алуға қызығушылығын арттырады, ғылыми-педагогикалық кадрлардың “қартаю” проблемасын шешеді.

Зайырлы пәндерден дәріс беретін оқытушылар конкурстық негізде жұмысқа таңдап алынады. Олардың айлық еңбек ақылары бекітілген еңбек жүктемесі негізінде бюджет және жеке төлем арқылы төленіп отырады.

Университетте қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері қолданыстағы еңбек заңнамасымен, Жарғымен және ішкі тәртібі ережелерімен, сондай-ақ ұжымдық және еңбек шарттарымен регламенттеледі.

5.7. ИМАМДАРДЫҢ БІЛІМІ МЕН БІЛІКТІЛІГІН ЖЕТІЛДІРУ ИНСТИТУТЫ

ҚМДБ жанындағы Республикалық имамдардың білімін жетілдіру ислам институты ҚМДБ бастамасымен және ислам даму банкінің қаржылық қолдауымен 2002 жылы ашылған. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде №474 1900 ДБ тіркеу нөмірі бойынша «Жоғары мамандық білім мекемесі» ретінде тіркелген. Институттың Жарғысы және басқа да құрылтай құжаттары толық бекітілген.

Институттың оқу үдерісі бірнеше айға созылатын курстар бойынша жүргізіледі. Институттың лицензиясы жоқ, өйткені бұл мекемедегі білім беру жүйесі қысқа мерзімді курстардан тұратындықтан, лицензиялауға жатпайды.

Сабақ аптасына 6 күн, 17 пәннен тұрады және қажылыққа даярлық пен халал стандарт жүйесін оқытуға бағытталған факультативтік курстары өтеді.

Мақсаты:

- Имам-молдалардың білімдерін жетілдіру;
- Қазақстан мешіттері мен діни білім беретін оқу орындарына білімді де білікті діни қызметкерлерді – имамдарды және ұстаздарды қайта дайындау;
- ҚМДБ-ның кадрлық саясатын толықтыру арқылы сапасы жоғары қызметкерлерді әзірлеу;
- Мешіт қызметкерлерінің діни мүмкіншіліктерін дамыту, өзіндік қасиеттерін арттыру үшін белгілі жағдайды құру арқылы интеллектісін байыту;
- Материалдық пайда үшін емес, рухани азық үшін білім алуға, сондай-ақ ел игілігі үшін қызмет етуге ықпал жасау.

Міндеттері:

- әдістемелік бағдар беру және әзірлемелерді іске асыруда тәжірибе алмасуларды ұйымдастыру;
- діни білім сапасының жақсаруын қадағалау;
- діни білім берудің сапасын арттыру үшін ұстаздардың біліктілігін шыңдау;
- діни сауат ашу курстары мен діни оқу орындарындағы оқу жоспарының іске асуын тексеру, діни сабақ беру әдістерін дамыту, мешіттердегі ағартушылық жұмыстарын жетілдіру;
- дін қызметкерлерінің педагогикалық біліктілігін арттыру;
- дін істерінің сапасын арттыру;
- алған білімдерін тиімді пайдалануға дағдыландыру.

Нәтижесі: Білімі мен біліктілігін растайтын ҚМДБ-ның арнайы *күәлігі* беріледі.

Институт тыңдаушылары – ҚМДБ құрамындағы мешіттердің қызметкерлері. Олар республиканың барлық аймағынан облыс имамдарының жолдамасымен жіберіледі.

Оқу үдерісін институт басшысы бекітіп, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасымен келісілген оқу жоспары негізінде дәстүрлі ханафи мәзһабы бағытында жүргізіледі. Отандық дін саласының мамандары ислам дініне қатысты пәндерді дәстүрлі исламның доктриналық бағыты бойынша жүргізеді. Зайырлы қоғамдық пәндерден Қазақстан тарихы, қазақ тілі мен әдебиеті және шешендік өнер пәндері өтіледі.

Институттың стратегиялық мақсаттары:

1) Институтты нормативтік талаптарға сәйкес материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету, жабдықтау;

2) Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіп бойынша жарғылық қызметті атқару үшін Институттың заңды мәртебесін қайта қарау;

- 3) Институт қызметінде ҚМДБ-мен келісе отырып, қосымша мамандық білім беру бағдарламасын жүзеге асыру;
- 4) Арнайы діни білім беру үшін қашықтықтан оқыту жүйесін енгізу;
- 5) Мешіттерде кішігірім діни рәсімдерді орындаушы молдалар мен шаруашылық қызметін атқарушыларға арнайы құжат беретін курстар ұйымдастыру;
- 6) Дін қызметкерлерінің білімі мен біліктілігіне қатысты жыл сайын мониторинг жасау;
- 7) Мешіт имамдарын білімдеріне қарай «жоғары», I, II, III және «категорияға жатпайтын» топтарға бөлу;
- 8) Оқу курсы толығымен тәмамдап, емтихан мен сынақтардан мүдірмей өткен тыңдаушы имамдарды категорияға көтеріп, не төмендетуге ұсыныс жасау;
- 8) Имамдарды білім категориялары бойынша білімдерінің сәйкестігіне қарай «Имамдардың білімін жетілдіру Ислам институтына» оқуға шақыру;
- 9) Қазақстан бойынша, барлық оқу орындары жанынан имамдардың білімі мен біліктілігін арттыратын курстар ашуды ұйымдастыру;
- 10) ҚМДБ имамдардың өз білімдерін жетілдіру жоспарлары болуын қадағалау;
- 11) Әр екі жыл сайын имамдардың білімін тексеріп отыру (аттестациядан өткізу);
- 12) Республика бойынша, имамдардың білімі мен біліктілігіне мониторинг жасап отыру үшін Институт жанынан «имам.кз» сайтын іске қосу немесе ҚМДБ-ның «муфтият.кз» бас сайтынан блог орналастыру;
- 13) Оқу бағдарламасына қажылыққа аттану, халал ақпараттық жүйесі, ислами кәсіпкерлік және банк бойынша факультативтік сабақтарды тұрақты оқыту.

6. ТҰЖЫРЫМДАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУДАН КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР

Тұжырымдаманы іске асырудың нәтижесінде қазақстандық діни білім беру жүйесі төмендегілерге қол жеткізеді деп күтіледі:

- білім берудің барлық деңгейінің қол жетімділігін және сабақтастығын қамтамасыз ету;
- нәтижеге бағдарланған толыққанды, сапалы, бәсекеге қабілетті білім беру;
- зайырлы біліммен, басқа да салалармен сабақтастыра отырып, діни білім беруді жеделдете дамыту, қоғамдық дұрыс пікірді қалыптастыру, қоғамдық прогрестің маңызды шарты ретінде діни білім беру саласының басымдықтарының пайдасын қалыптастыру;
- азаматтардың, әсіресе жастардың жан-жақты әрі діни салада сауатты болуын қамтамасыз ету;

- діни білім беруді басқару қызметкерлерінің, діни пәндердің педагогтарының еңбегін мемлекеттік қолдау және ынталандыруды күшейту тетіктерін әзірлеу;
 - материалдық-техникалық базаны нығайту;
 - дәстүрлі ислам дінінің дәрежесін көтеру, экстремистік ағымдарға төтеп берудегі оның рөлін арттыру;
 - имамдардың білімі мен беделін көтеру, жамағаттарды ҚМДБ-ның ресми өкілдерінің аясына шоғырландыру;
 - ҚМДБ-ның жұмысын жаңа дәрежеге көтеру, тиімділігін арттыру;
 - ел аумағындағы мешіттерді білімді, білікті, дипломды мамандармен қамтамасыз ету;
 - “Исламтану” бойынша жоғары білімді “Имам Хатиб”, “Ислам негіздерінің мұғалімі” мамандарын 16% пайыздан 30% пайызға жеткізу;
 - “Исламтану” бойынша орта білімді “Имам Хатиб”, “Ислам негіздерінің мұғалімі” мамандарын 19% пайыздан 50 % пайызға көтеру;
 - ҚМДБ-сын білікті және білімді кадрлармен қамтамасыз ету, тиісті кадрлық резерв құру;
 - Мешіт қызметкерлерінің қызметтік дәрежесін жүйелеу және тиімділігін арттыру (азаншы, молда, оқытушы, имам, бас имам, өкіл имам);
 - Республика көлеміндегі қауымның ислами білім алу сұранысын қанағаттандыру;
 - дәстүрлі дінді насихаттау жұмыстарының тиімділігін арттыру, әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету;
 - діни білім беруді ұлттық-мұсылмандық дүниетанымға негіздеп, ислам дінін ғылыми тұрғыдан талдап-түсіндіру;
 - кадрларды кәсіби даярлаудағы әлеуметтік әріптестікті дамыту;
 - ғылыми және инновациялық қызметті дамыту;
 - діни білім беруді қаржыландырудың нормативтік әдістеріне көшуді қамтамасыз ету;
 - исламтану ғылымының тиісті деңгейде қалыптасуына ат салысу.

Тұжырымдаманы іске асыру білім беру жүйесінің тиімді жұмыс істеуінің заңнамалық, нормативтік және құқықтық негіздерін құруға мүмкіндік береді.

7. ТҰЖЫРЫМДАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУ КЕЗЕҢДЕРІ

Тұжырымдама кезең-кезеңімен іске асырылады:

Бірінші кезең – 2016-2018 жылдар. Бұл кезеңде білім беруді дамытудың мақсаттары мен міндеттеріне сай жаңа заңнамалық және нормативтік-құқықтық база құру және стратегиялық мақсаттарға жетуді қамтамасыз етуге қабілетті діни білім берудің жаңа ұлттық моделін енгізу жоспарланады.

Мешіт жанындағы діни тәрбие мен оқыту жүйесінде тек діни білім беру немесе діни оқу орындарына үміткер даярлаудан бөлек, ер кісілер мен әйелдерге жұмыс істеуге мүмкіндік беретін және әлеуметтік жағынан

қорғалмаған әрі аз қамтамасыз етілген отбасыларына қолдау көрсететін әлеумет желісі бойынша әдістемелік негіздерді әзірлеу, мешіттерді діни білім беру орталығы ретінде қайта құрылымдау бойынша сауат ашу кешендерін, мешіт жанындағы діни тәрбиенің ақысыз шағын орталықтарын құру мақсатында нормативтік-құқықтық актілер әзірлеу көзделеді.

Жоғары және орта діни білім беру оқу орындарына дайындық курстарына байланысты эксперименттік оқу жоспарлары, бағдарламалары, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендері әзірленеді. Медреселерде білім беру бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнын қайта қарау, оқушыларды 9 сыныптан кейін техникалық және кәсіптік білім мен тәрбие беру ұйымдарына (колледждерге) қабылдауды бастау, медреселердің оқу желісін кеңейту жөнінде нормативтік және құқықтық негіздер жасалып, арнайы пәндер мен ықпалдастырылған курстар бойынша жаңа типтік оқу жоспарлары мен бағдарламалары, оқулықтар және оқу-әдістемелік кешендері әзірленеді.

Медреселерде «Исламтану» мамандығын растау және беру жүйесі құрылады.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде халықаралық аккредиттеуден өткен шетелдердің жетекші жоғары оқу орындарымен бірлесіп, PhD докторларын даярлау бағдарламасын ашу жүзеге асырылады.

Жоғары оқу орындары мен білім беру бағдарламаларын халықаралық аккредиттеуді жүзеге асыруға, студенттер мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығын қамтамасыз етуге жағдай жасалады.

Өз бойына діни білім беру және ғылым компоненттерін барынша үйлестірген, бакалавр, магистратура мен докторантураның (PhD) бағдарламалары арқылы, діни білім мен зайырлы ғылымның нақты ықпалдасуына негізделген ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлаудың жаңа моделі іске асырылатын болады.

Бакалавр, магистрлер мен докторларды даярлауды ынталандыру тетіктерін әзірлеу мақсатында:

- бакалавр, магистрлік және PhD дәрежесі бар адамдардың қызметте өсуін қамтамасыз ететін тетік қалыптастырылады;
- ғылым кандидаттары мен докторларының дәстүрлі дипломдары мен PhD дипломдарының қосарласа жүруі қамтамасыз етіледі.

Екінші кезең – 2019-2020 жылдар. Бұл кезеңде Тұжырымдаманы толық көлемде іске асыру, жинақталған тәжірибені, елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың дамуын ескере отырып толықтыру көзделеді.

Мешіт жанындағы діни тәрбие мен оқыту жүйесінің әлеуеті мен ресурстарын дамыту, мешітті діни білім берудің бағдарламаларын іске асыру мақсатында ұтымды және барынша тиімді пайдалану жүзеге асырылады.

Медреселердің білім беру бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнын жетілдіру, діни білім беру ұйымдарының жеткілікті желісін жасау іске асырылады. Орта білімнен кейінгі барлық сатыларда бакалаврлық,

магистрлік, докторлық бағдарламалар бойынша жоғары білікті кадрлар даярлауға толық көшу жүзеге асырылады.

Жоғары оқу орнының мемлекеттік, халықаралық аккредиттеуден өтуі мен кадрлар даярлаудың сапасы халықаралық талаптарға сәйкес қамтамасыз етіледі.

Аталмыш тұжырымдама бойынша жоспарлы жұмыс нәтижесінде әдістемелік материалдар, жаңа оқулықтар құрастырылып, материалдық база нығайтылады.

Тұжырымдаманы іске асырудың нәтижесінде тиімді жұмыс істейтін білім берудің қазақстандық моделі құрылып, Қазақстанның бүгінгі ислам әлемінде лайықты орын алуына мүмкіндік беретін діни білім беру мен кадр даярлаудың сапалы жоғары деңгейіне қол жеткізілетін болады.

Тұжырымдама Қазақстан қоғамындағы сан түрлі дүниетанымдық топтардың ислами діни білім саласындағы қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында жасалды.

ҚМДБ-ның діни білім саласы Қазақстан халқының діни дәстүрлерін, рухани мәдениеті мен тарихын, әлемдік діндер тарихын және оларды салыстырмалы зерттеуді, діни-мәдени мазмұнды қамтиды. Өскелең буын бойында шынайы сенім, отаншылдық, мәмілегерлік, адалдық және әділеттілік сезімдерін қалыптастыруға бағдарланады.

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ИСЛАМСКОЕ
РЕЛИГИОЗНОЕ ОБЪЕДИНЕНИЕ
ДУХОВНОЕ УПРАВЛЕНИЕ МУСУЛЬМАН КАЗАХСТАНА**

**КОНЦЕПЦИЯ
РАЗВИТИЯ РЕЛИГИОЗНОГО ОБРАЗОВАНИЯ ДО 2020 ГОДА
ДУХОВНОГО УПРАВЛЕНИЯ МУСУЛЬМАН КАЗАХСТАНА**

СОДЕРЖАНИЕ

I. ВВЕДЕНИЕ	3
2. СОВРЕМЕННАЯ РЕЛИГИОЗНАЯ СИТУАЦИЯ	3
3. НЕОБХОДИМОСТЬ ПРИНЯТИЯ КОНЦЕПЦИИ	6
4. ЦЕЛИ И ЗАДАЧИ КОНЦЕПЦИИ	7
5.1. КУРСЫ ОБУЧЕНИЯ РЕЛИГИОЗНОЙ ГРАМОТНОСТИ ПРИ МЕЧЕТЯХ	9
5.1.1. I этап обучения религиозной грамотности	10
5.1.2. II этап обучения религиозной грамотности	11
5.1.3. III этап обучения религиозной грамотности	111
5.1.4. Курсы изучения Корана	12
5.1.5. Подготовительные курсы для поступления в духовные учебные заведения	122
5.2. БЛАГОТВОРИТЕЛЬНЫЕ УЧРЕЖДЕНИЯ, ПРОВОДИМЫЕ РЕЛИГИОЗНЫЕ УЧЕБНО-ВОСПИТАТЕЛЬНЫЕ ПРОЦЕССЫ 154	
5.3. ЦЕНТР ПОДГОТОВКИ ЧТЕЦОВ КОРАНА	178
5.4. МЕДРЕСЕ	202
5.5. ВЫСШЕЕ РЕЛИГИОЗНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ	268
5.6. ПОСЛЕВУЗОВСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ	324
5.7. ИНСТИТУТ ПОВЫШЕНИЯ ЗНАНИЙ И КВАЛИФИКАЦИИ ИМАМОВ	33
6	
6. ОЖИДАЕМЫЕ РЕЗУЛЬТАТЫ ОТ РЕАЛИЗАЦИИ КОНЦЕПЦИИ	357
7. ПЕРИОДЫ РЕАЛИЗАЦИИ КОНЦЕПЦИИ	369

I. ВВЕДЕНИЕ

Концепция развития религиозного образования (далее – Концепция) является методическо-концептуальным документом Духовного управления мусульман Казахстана (далее – ДУМК), определяющим цели и задачи формирования и развития религиозного образования, его структуру и содержание, основные стратегические направления.

Концепция разработана в соответствии с Конституцией Республики Казахстан, Законами Республики Казахстан «Об образовании» и «О религиозной деятельности и религиозных объединениях», и стратегией Президента РК «Казахстан-2050», и ориентирована на обеспечение законных интересов и прав в сфере образования как всех граждан, так и участников образовательного процесса.

Концепция признает исламское религиозное образование в качестве духовной и культурной ценности казахского народа, является фундаментом развития политики религиозного образования ДУМК на долгосрочной перспективе, также основанием для внесения изменений и дополнений в содержание религиозного образования, структуру системы религиозного образования, управленческую систему религиозного образования, кадровую политику.

В случае необходимости согласно данной Концепции будет разработана программа ее реализации.

Структура Концепции содержит следующее:

- современная религиозная ситуация;
- необходимость принятия Концепции;
- цели и задачи Концепции;
- структура, уровни и содержание религиозного образования;
- ожидаемые результаты от реализации Концепции;
- приоритеты реализации Концепции.

2. СОВРЕМЕННАЯ РЕЛИГИОЗНАЯ СИТУАЦИЯ

В законодательных документах независимого Казахстана особое внимание уделяется на вопросы соблюдения прав на свободу вероисповедания граждан. Обеспечение свободы совести и вероисповедания является актуальной темой для нашей поликонфессиональной страны.

Во время правления Советской власти были ограничены права на отправление религиозных обрядов, получение религиозного образования и на воспитание. Целенаправленно снижалась значимость общественных ценностей религиозного содержания. Государством поддерживалась

атеистическая идеология, отрицающая религиозное верование. В результате суровых исторических событий ислам в Казахстане отделился от своих основ и потерял свою традиционность.

После приобретения независимости с принятием 15 января 1992 года Закона Республики Казахстан «О свободе вероисповедания и религиозных объединениях» религиозная ситуация изменилась к лучшему. Начали формироваться правильные взгляды на религию, свобода вероисповедания стала частью демократических принципов. Принятый 11 октября 2011 года Закон Республики Казахстан «О религиозной деятельности и религиозных объединениях» поднял на новый законодательный уровень мероприятия, проводимые в направлении по регулированию религиозных отношений и обеспечения свободы вероисповедания.

В настоящее время Республика Казахстан утверждая себя правовым, демократическим и светским государством, уделяет постоянное внимание соблюдению прав на свободу вероисповедания человека и всех граждан. Отношения государства и религии, вероисповедная принадлежность граждан в Казахстане регламентируются Конституцией РК, Гражданским кодексом, Законом РК «О религиозной деятельности и религиозных объединениях», также другими законодательными, нормативно-правовыми актами.

Казахская земля в силу сложившихся исторических событий стала местом взаимодействия великих цивилизаций – исламской, христианской, буддистской, конфуцианской, и это позволило построить общество, в котором мирно сосуществуют представители различных конфессий и более 130-ти представителей разных нации и этносов. Наша великая и бескрайняя степь смогла вобрать в себя различные цивилизации и культуры народов. Сегодняшний современный Казахстан – это полиэтничное и поликонфессиональное государство. Поэтому демократический характер государства учитывает мировоззренческие и культурные особенности различных социальных групп. В Казахстане созданы все необходимые правовые и организационные условия для мирного сосуществования различных конфессий, и сформирована единая государственная политика, направленная на построение гармоничных межконфессиональных отношений.

Республика Казахстан также является автором ряда значимых международных инициатив в сфере организации диалога религий и цивилизаций.

По инициативе Главы государства Н.А.Назарбаева в Казахстане каждые три года проводится Съезд лидеров мировых и традиционных религий. Данный Съезд стал связующей площадкой диалога мировых и традиционных религий и цивилизации, и осуществляет важные мероприятия по укреплению отношений, основанных на толерантности и терпимости, взаимосотрудничестве и согласии, защиты общества от влияния радикальных экстремистских организации.

ОБСЕ, ООН и другими международными организациями положительно оценена эффективность модели мирных отношений и взаимосогласия в Казахстане.

